




Жас мамандар жұмысқа қабылданды

2 - бетте



Халықаралық байланыс

13 - бетте



Дана ойдың данышпаны

15 - бетте

Жаңалықтарды оқыңыз
www.asu.edu.kz
Читайте новости



**АТЫРАУ
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ, БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№4 (99)
МАУСЫМ 2020 ЖЫЛ



*Қындатты
университет түлектері!*

Атырау өңірінің 70 жылдық тарихы бар оқу ордасы – Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті профессор-оқытушылары атынан 2020 жылғы түлектерімізге ақ жол тілеймін.

Мемлекет басшысы «Қазақстан жастары білімді, жан-жақты дамыған әрі дарынды. Біздің еліміздің болашағы солардың қолында», -деп атап көрсеткеніндей, өздеріңізге, еліміздің жастарына, тәуелсіздік ұрпақтарына зор сеніммен қараймыз.

Жыл сайын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен мыңға жуық жас маман үлкен өмірге жолдама алып, ел болашағы үшін қызмет етуге аттанады. Биылғы жылы университетті 1825 студент, 192 магистрант бітіреді. Университет бітірушілерінің 86-сы үздік диплом иегері болып отыр.

Қадірлі түлектер! Сіздерді жоғары оқу орнын бітірулеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Алдағы өмірлеріңізде арман-мақсаттарыңызға жетіп, тәуелсіз қазақ елінің жанашыры, ел тірегі болатын мықты мамандар боласыздар деп сенемін. Білім мен ғылымды терең меңгерген, тағылым алар тәжірибесі мол кәсіби маман, бәсекеге қабілетті жеке тұлға санатында танылып, биік шыңдардан көрініңіздер!

Университет түлегі және басшысы ретінде сіздерді «Түлектер қауымдастығына» шақырамын және болашақта да оқу орнымен байланыста боласыздар деп сенім білдіремін.

Ізгі тілекпен, ректор Саламат ИДРИСОВ

Жас мамандар жұмысқа қабылданды

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті мен Атырау облысының полиция бөлімі арасында меморандумға қол қойылған болатын.

Меморандумның мақсаты – жастарға кәсіби бағдар беру, қылмыстың алдын-алу және болашақ заңгерлерді тәжірибеге бағдарланған оқытуды қамтамасыз ету.

Осы меморандум аясында Атырау қаласы Полиция басқармасының ұйымдастыруымен бастапқы арнайы курстарын бітірген қызметкерлерге арнаулы атақтарын табыстау шарасы өтті.

Салтанатты шараға Атырау облысы



Полиция департаментінің басшылығы мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Саламат Нұрмұханұлы қатысты.

Шара барысында басшы құрамның бастапқы арнайы курстарын бітірген қызметкерлерге алғашқы арнаулы атақтары табысталды.

Бұл меморандум болашақ мамандардың кәсіби және әлеуметтік бейімделуі бойынша білім беру мекемелері мен жұмыс беруші арасындағы тығыз ынтымақтастықтың нәтижесі болып табылады.



Білім сапасы сараланды

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Білім беру сапасын қамтамасыздандыру Тәуелсіз Қазақстандық агенттігінің ақпараттық жүйелер мен есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандықтарын аккредиттеу жүргізілді.

Аккредиттеудің мақсаты – университеттің білім беру сапасын жетілдіру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Осы шара аясында топ жетекшісі, сарапшы: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Математикалық және компьютерлік модельдеу» кафедрасының доценті Аканова Гульшат Мажитовна мен сыртқы сараптау тобының үйлестірушісі: Білім беру сапасын қамтамасыздандыру Тәуелсіз Қазақстандық агенттігінің талдау және сапа бөлімінің бастығы Рахимжанова Галия Галимовна институционалдық аккредиттеу рәсімін өткізіп, оқу орнының



материалдық-техникалық базасына, білім беру процесінің жоспарларына, қашықтан оқыту жүйесінің тиімділігіне, студенттердің үлгерімі мен ынта деңгейлеріне аса мән берді. Білім сапасының деңгейін талдау мен бағалауда бұл әдістің маңызы зор.

Өзгерістерге толы онлайн брифинг

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ Президенті Кәрібозова Айнұр Бағдатқызы «Болашақ» бағдарламасының іске асырылуындағы өзгерістер атты онлайн брифинг өткізді.

Аталмыш брифингке Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры Саламат Нұрмұханұлы Идрисов бастаған профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен биылғы түлектер қатысты.

Басымдық берілген мамандықтар тізбесі еңбек нарығы қажеттіліктерінің орта мерзімді

болжамын ескере отырып, ҚР Білім және ғылым министрлігі арқылы жасалады. Яғни, оны жұмыс органы орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынатын өтінімдер негізінде әзірлейді. Үміткерлер үшін конкурстық кезеңдер саны азайды. Конкурстық іріктеу кезеңдері 6-дан 3-ке дейін қысқартылды, – деп баяндаған Айнұр Бағдатқызы шетелдік тағылымдамадан өтуге ниетті үміткерлер үшін толық ақпарат беріп, осы және өзге де жаңа ережелермен таныстырды.

Президент үндеуі – рухани-әлеуметтік дамудағы басты бағдар

«Еліміздің рухани-әлеуметтік дамуындағы жаңа серпіліс» тақырыбында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың ұлттық сенім кеңесінің III отырысында сөйлеген сөзі бойынша университет ғалымдарының пікір алмасуы бағытында онлайн дөңгелек үстел өтті.

Шара модераторы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры С.Н.Идрисов болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің III отырысында сөйлеген сөзінде:

2025 жылға дейін білім саласына бөлінетін қаржы 6 есе, ғылымға бөлінетін қаржы 7 есе өсетінін ескерген жөн;

Үкімет жоғары оқу орны оқытушыларының еңбекақысын көбейту мәселесін қарастыруы керек. Мұны мемлекеттік гранттардың құнын арттыру арқылы жүзеге асыруға болады. Осыған орай біз білім гранттарының орташа құнын 340-420 мың теңгеден 1 миллион теңгеге дейін көбейту арқылы шешім қабылдадық;

Еліміздің 10 жоғары оқу орны әлемнің үздік 500 университетінің қатарына қосылуы керек. Бұл межеге 2025 жылы жетуіміз қажет;

Жыл сайын кемінде 100 ғалымның әлемдегі жетекші зерттеу орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өтуіне қаржы бөлген жөн;

Докторанттардың стипендиясын 150 мың теңгеге дейін көбейту қажет;

Елбасының жас ғалымдар үшін жыл сайын грант бөлу жөніндегі бастамасын жалғастырған жөн. Оның алдыңғы 3 жылға арналған жалпы құны 3 миллиард теңге болады, – деген болатын.

Осы және өзге де мәселелер бойынша пікір алмасқан ғалымдар қатарында тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Рухани жаңғыру» кеңесінің меңгерушісі Таңатарова Жамиға Тәжікқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ректор кеңесшісі Иманғалиев Асхат Сәлімұлы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Имашев Ғизатолла Имашұлы, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Шаяхметова Жанна Бекболқызы, философия ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Бекежан Өмірбек Қадырханұлы және онлайн түрде қатысқан өзге де профессор-оқытушылар құрамы бар.

Рухани-әлеуметтік даму бағытындағы онлайн дөңгелек үстелде айтылған өзекті мәселелер мен пайдалы ақпараттар мемлекеттің дамуына нақты қадамдар жасауға арналған жоспарлы кездесу болды. Университет ғалымдарының құнды пікірлері мен қоғамның дамуына бағдарланған көзқарастары ортаға салынып, маңызды жұмыстардың бастамасы болуға жол ашты.

АТМУ-ДА ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛУДЕ?

Бүгінгі таңда адам денсаулығы бірінші кезекте. «Дені саудың-жаны сау» деп те тегін айтылмаған. Әлемді жайлаған індеттің алдын-алу мақсатында елімізде уақытша карантиндік жүйе енгізіліп, барлық оқу орындары сияқты біздің университетіміз де қашықтан білім беру жүйесіне көшкен болатын. Осы бағытта, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенттері қашықтан білім алып, биылғы оқу жылын сәтті аяқтауда. Осы уақыт аралығында қашықтан оқыту жұмыстары қалай жүргізіліп келді? Көптің көкейінде жүрген бұл сұраққа жауап алу үшін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің тіркеу офисінің басшысы Куккузова Эльмира Изтелеуовнамен сұхбаттасқан болатынбыз.

– Құрметті Эльмира Изтелеуовна, ЖОО биылғы жылы қашықтан білім беру жүйесіне көшкен уақытта, республикамыздағы іргелі оқу орындарының бірі саналатын Атырау мемлекеттік университетінде студенттерге онлайн бағытта білім беру қандай деңгейде жүргізілді? Қашықтан оқыту жүйесіне қаншалықты алдын-ала дайындық болды?

– Қай кезде де қиындыққа қарсы тұра көптен бірлесіп шешілетін жұмыс үздік нәтижелерге қол жеткізеді. Сондықтан Атырау мемлекеттік университетінде көктемгі семестрде аралық бақылау, ағымдағы емтихан және қорытынды аттестаттау академиялық саясатқа сәйкес жүргізіліп келді деп толықтай айта аламын. Оның өзі жаңа технологиялардың көмегімен жүзеге асты. Соның арқасында дүниежүзін шарлаған коронавирус кезінде де оқу процесін үзбей жалғастыру мүмкіндіктері қолға алынды. Бұл оқу орны қашықтан білім беру жүйесіне 16 наурыздан бастап көшті. Төтенше жағдай режимі кезінде тез арада күндізгі оқу бөлімінің студенттерінің сабақ кестесіне өзгерістер енгізіліп, қашықтан оқуға көшірілген болатын. Университет қашықтан оқыту жүйесіне толықтай дайын болып, оқытушы-профессорлық құрамы мен білім алушылардың арасында онлайн форматында байланыс орнатылды.

Ал, екінші жарты жылдық бойынша айтар болсам, аралық және қорытынды аттестаттау еліміздегі төтенше жағдайға байланысты қашықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, жүзеге асырылды. Қашықтан білім беру жүйесінде білім алушыларымызға және оқытушыларымызға әдістемелік қолдау үшін алдын-ала нұсқаулық дайындалып, қосымша түсіндірме сабақтар жүргізілді. Бұл нұсқаулық күні бұрын университет сайтына және Платонус жүйесінде жүктеліп, енгізілді. Студенттерге білім беретін барлық профессор-оқытушылар құрамы осы бағыт бойынша жұмыстар жүргізді.

– Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде қанша студент қашықтықтан білім беру жүйесіне көшті?

– 2020 жылдың 16 наурызына дейін қашықтықтан білім алу жүйесімен 1587 студент білім алып келсе, қашықтан білім беру жүйесіне көшкеннен соң күндізгі бөлім және магистратура бойынша білім алушылар да түгелдей көшірілді. Барлығы контингент бойынша – 7537 білім алушы.

– Университетімізде қашықтан білім алу жүйесі қалай ұйымдастырылды?

– Көктемгі емтихандық сессиясының кестесі, уақыты, нысаны және бағалары туралы барлық мәліметті Platonus жүйесінен алуға болады.

Университетте қашықтықтан ағымдық аттестаттауларды өткізу формалары жазбаша емтихан (соқыр тексеру), ауызша емтихан және компьютерлік тест түрінде болады. Тест тапсыру үшін қажет ететін уақыт 40 минуттан

100 минутқа ұзартылды. Тесттік емтиханды белгіленген күні 24 сағат ішінде тапсыруға болады. Емтихан формаларын тапсыру әдістері бойынша толық ақпаратты жіберілетін нұсқаулықтан танысуға болады.

Барлық оқу курсы және нысаны бойынша емтихан кестесі жасақталып, АИС платонус жүйесіне енгізілді. Емтихан – ауызша, жазбаша және компьютерлік тест түрінде өткізіледі. Көктемгі емтихандық сессияда ауызша емтихан – 467, жазбаша емтихан – 354, компьютерлік тест – 156, эссе – 89, жобаны қорғау, курстық жұмысты қорғау шығармашылық емтихандар – 259 болды. Барлық оқу курстары бойынша емтихан тап-



сыру онлайн форматында өткізілуде.

– Білім беру жүйесі қандай бағдарламалар арқылы жүзеге асты?

– Қашықтан білім беру көмегімен студенттердің өзін-өзі басқаруы, тапсырмаларды орындауда жауаптылыққа әкелуі байқалуда. Сонымен қатар, қашықтан үйде отырып білім алу көптеген электрондық ресурстарды тегін қолдануға мүмкіндік берді. Біздің оқу орнында ресми ақпараттық жүйе – Platonus қолданылып келеді. Бұл студенттер мен қызметкерлерге бәріне ортақ платформа, бірақ оған кіру әр адамның жеке кабинеті арқылы жүзеге асырылады.

Қашықтан оқыту технологиясы бойынша білім беру жүйесін университетте технологиялық қамтамасыз ету Zoom, Microsoft Teams, CiscoWEBEX сервистерін қолданумен жүзеге асырылады.

– Қашықтан оқу кезінде оқу жылының аяқталғаны да белгілі, емтиханды тапсыру жүйесі қалай өтті?

– Онлайн режимде алғашқы болып, 1 жылдық магистрантарымыз өз сессияларын 6 – 17 сәуір аралығында тапсырып өтті. Емтихан қабылдаушы комиссия құрамы мен магистранттар Zoom платформасымен емтихан кестесіне сәйкес, бекітілген күні мен уақытта емтихандарын онлайн режимде өткізді. Билетті таңдау «Калькулятор888» қосымшасын қолданып, санды араластыру арқылы таңдап алынды.

Көктемгі емтихандық сессия кестесі де жасақталып, студенттердің онлайн түрде тапсыру мүмкіндіктері ескеріліп, Platonus ақпараттық жүйесінде емтихандық кесте жүктелді.

Қазіргі төтенше жағдайға байланысты студенттерге емтихан тапсыру жолдарын оңтайландыру мақсатында кафедра меңгерушілерінің тарапынан емтихандық сессияны өткізу нысандарына өзгерістер енгізу туралы қызметтік хаттар келіп, емти-

хан кестесіне өзгерістер енгізілді.

Шетел тілі, орыс тілі, қазақ тілі, Қазақстанның қазіргі заман тарихы және өзге де пәндер бойынша емтихан Platonus-тың көмегімен компьютерлік тестілеу арқылы тапсырылатын болады. Және де (Философия, шет тілі, Қазақ (Орыс) тілі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Әлеуметтік-саяси білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, психология), дене тәрбиесі, Халелтану, Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері, Кәсіпкерлік негіздері және стартаптардың менторы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру негіздері, Мәңгілік Ел идеясы және рухани жаңғырту пәндері бойынша суммарлық бағалауды қолданып, емтиханға жіберілетін рейтинг бағасы қойылады деп шешілді. Бұл жерде міндетті түрде студенттің жазбаша келісімі алынуы тиіс. Суммативтік бағалауға келіскен болса, факультет деканының атына өтініш жазылады.

Білім алушылар бекітілген емтихан кестесіне сай, әр пән бойынша Platonus ақпараттық жүйесіне жеке кабинетіне кіру арқылы, Zoom платформасымен, Microsoft Teams, CiscoWEBEX сервистерін қолдану арқылы онлайн қашықтықтан үйде отырып емтихан тапсыруда.

– Қасым-Жомарт Тоқаев ресми түрде қызметке кірісіп, алғашқы маңызды қадам жасады, дәлірек айтқанда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру туралы жарлық шығарды (ҰҚСК). Осыған байланысты қандай өзгерістер болмақ?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің III отырысында сөйлеген сөзінде: білім саласына қаржының 6 есе, ғылым саласына 7 есе бөлінуі; Оқытушылардың еңбекақысын көбейту мәселесін қарастыруы; Докторанттардың стипендиясын 150 мың теңгеге дейін көбейту; Жыл сайын кемінде 100 ғалымның әлемдегі жетекші зерттеу орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өтуіне қаржы бөлу міндеттерін қоғам алдына қойып отыр. Осы аталған шаралар арқылы расында да қоғамдық ой пікірлерді ескере отырып, білім саласын, оқытушылық қызметті, ғылымды жақсартуға қол жеткізуге болады деген ойдамыз.

Осы қойылған міндеттерді іске асыратын болсақ, қоғамда рухани-әлеуметтік дамуының бағытында қозғалған өзекті мәселелерді шешуге, білімге деген көзқарастың өзгеруі, жастардың білімге және ғылыми жұмыстарға қызығушылық артуына әкеледі деп ойлаймыз.

– Алдағы жаз айларына қандай жоспарларыңыз бар, жұмыс барысы қалай болады?

– Тіркеу офисінің жылдық жоспарына сәйкес, жоспарланған іс-шаралар орындалады.

Тіркеу офисінің офис-менеджерлері және офис регистраторлары бітіруші түлектердің дипломдары мен үш тілдегі дипломға қосымшаларын жасақтап, дайындайды.

Көктемгі емтихандық сессияның қорытындысы бойынша есеп дайындау, келесі оқу жылына білім алушылар тарапынан ішкі академиялық ұтқырлыққа қатысты өтініштерін қарастыру, жазғы семестр бойынша сабақ кестесін жасақтап, өткізуді ұйымдастыру, келесі оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізу және өзге де міндеттер орындалатын болады.

– Уақытыңыз бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін алғысымыз шексіз!

Н.ЖАҢБЫРБАЙ

Бастауыш білім мен педагогиканың майталманы **ӘЛИЯ МЕНДЕШҚЫЗЫНЫҢ** ҒЫЛЫМДАҒЫ САРА ЖОЛЫ

Ғылымда жүрген әйел адамға қызығы мен қиындығы жетерлік әрекет көп-ақ. Алыста өңірде қызмет жасап жүріп, ғылыми ортаға келіп, кеңес алып ғылыммен айналысып және оған жастарды баулып жүрген қазақтың қайсар, өткір мінезді асыл қыздарының бірі - педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әлия Меңдешқызы Мұханбетжанова болатын. Мен онымен аспирантым Бақыт Телжанқызы Барсай арқылы таныстым. Әлия Меңдешқызы 90-жылдары Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Педагогика және өнер факультетінің деканы еді. Алматы мемлекеттік университетіндегі педагогика ғылымдарының докторы, профессор Аида Аршабекқызы Бейсенбаеваның жетекшілігімен докторлық диссертация жазып жүрген кезі болатын. Мен сол уақытта Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторантурасында оқып жүргенмін.

Алматыда Әлия Меңдешқызы екеуміз ғылым жайлы пікірлесіп, оның зерттеу аясында біраз мәселелерді пайымдап, ортақ пікірге келетінбіз. Оның ғылыми жетекшісі Аида Аршабекқызы терең білімді, адамгершілігі жоғары, иман жүзді, мейірімді кісі еді. Зерттеуші тек ғылыми жетекшінің кеңесімен шектеліп қоймайды, ғылымда үңілген сайын түсініксіз тұстар шыға береді, қанша біліп алдым-ау десен де, зерделенуі таяз болып тұратын жәйттер баршылық. Сондықтан докторанттар қауымы диссертациялық қорғауларға үнемі қатысып, ғалымдар не айттып жатыр, қайсысы қандай сұрақ қояды, ол сұраққа қандай жауап күтеді деп, ғылыми жиналыстардан шығып, одан әрі өзара талқылап, бір ой қорытып, пікірлесіп отыратынбыз.

Ғылымда болашақ ғалым болғысы келгендер өз кеңістігінде өздерімен өмір бойы сол бағытта еңбек ететін әріптестер қауымын құруға, олардың биыл туғанына 1150 жыл толып отырған әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби бабамыздың зерттеушіге қоятын талаптары, яғни жан мен ар тазалығы, адалдық, бүкіл адамға, өз халқына махаббаты, ғылым мен білімге құштарлығы мен берілгендігі, теориялық білімдерге бейімділігі, зеректігі, ниеттілік, мейірімділік, қолдау, қорғау сияқты әрекеттері жеке бастың қамынан гөрі мұның ғылым үшін, ел үшін керек екенін есте сақтап, өз орнын басқалардың көмегі арқылы орнататынын білгені жөн.

Міне, осындай қасиеттерді тұла бойына сіңірген Әлия Меңдешқызы өмірін ғылымға арнады, шәкірттерінің де, перзенттерінің де ізденістеріне сара жол салып, өшпес іздер қалдырды.

Өмірдің ащы шындығы десең те, ол туралы өткен шақта

жазу жай тірлік емес. Әлия Меңдешқызының ғылымда жасайтын жұмыстарының жоспарлары көлемді еді, бұйырғанын іске асырып, қалғанын біздерге аманат етіп кетті.

Сондай керемет ғылымға деген құлшыныс бойын билеген жастар ғылыми орталарға ағылып келе бастаған сәттерде Атырау өңірінен Бақыт Телжанқызы, кейінірек Светлана Меңдіғалиқызы (Оралдан) мен Ақмарал Өтепбергенқызы да ғылымға келіп, кандидаттық диссертацияларын табысты аяқтап, кейін ғылым докторлары ғылыми дәрежесіне ие болып, қазір Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде математика пәні және бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға белсене ат салысып, табысты еңбек жолдарын жалғастыруда.

Бақыт Телжанқызы - Әлия Меңдешқызының шынайы сыйластықтағы әріптесі. Светлана Меңдіғалиқызы - Әлия Меңдешқызының шәкірті. Ақмарал Өтепбергенқызы - Әлия Меңдешқызының перзенті. Міне, ұрпақ та, ғылым да өз жолымен әрі қарай дамуда. Ғылымда бәріміз бір бірімізге әрі шәкірт, әрі ұстаз сияқтымыз. Өйткені үйрете отырып, үйренеміз - үйрене жүріп үйретеміз. Бұл - екі жақты бір мақсаттағы қозғалыс. Әлия Меңдешқызының өзімен, әріптестерімен, шәкірттерімен әңгімелескенде олардың ізденіске ұмтылысына тәнті болатынмын. Оларды Ресей кітапханаларына барып, ғылымдағы соңғы жаңалықтарды игеріп, өз еліміздегі жетістіктермен ұштастыра зерттейтін топ деп те қарастыруға болады.

Бірде Әлия Меңдешқызы, Бақыт Телжанқызы және мен үшеуміз поезға бірге отырып, бір сөтке бойы әрқайсымыздың ғылыми бағытымызды, зерт-



теу тұжырымдамасын пайымдап, тақырыптың болашағын да қарастырып кең отырып пікірлескен едік. Әсіресе, есімде қалғаны Әлия Меңдешқызының ғылымға деген сүйіспеншілігі көзінің нұрынан әдемі жарық шашып көңілге ләззат ұялататыны. Қасымызда бірге келе жатқан Бақыт Телжанқызының жеті жасар жиені Гүлнафиса бізге «әңгімелеріңіз өте қызық екен, мен де ғалым болайыншы» деп еді, ол да бұл күнде ғылымды да, бизнесті де игеріп жүрген жастардың алдыңғы шебінде жүр.

Әлия Меңдешқызы республикада болып жатқан реформалардың жүзеге асырылуына өз үлесін қосып отырды. Соңғы он жылда диссертация қорғау жүйесінің өзгеруіне байланысты кездесулер сиреп, бір бірімізді сағынып көрісетін болдық. 2019 жылы Атырауға халақаралық конференцияға барғанымда Әлия Меңдешқызы Оралда болып, кезіге алмадық. Жалпы адамдар соңғы рет жолығып тұрғанын білмейді екен, олар әлі талай көрісеміз деп ойлайды.

Әлия Меңдешқызы өз ғылыми мектебін құрып, онда бірқатар жастарға жол сілтеп, ғылымның бағыттарын нақтылап, білім беру философиясы, пәнаралық әдіснама, әлемнің ғылыми бейнесі, педагогикалық жүйетану, жобалық менеджмент саласында өз тұжырымадамаларын оқулықтарға, оқу құралдарына салып, ғылыми мұра қалдырды. Осы жұмысты дамыту, насихаттау және білім алушылаға жеткізу Әлия Меңдешқызының шәкірттері мен әріптестерінің адами борышы және ғалымның аманаты деп түсінемін.

Ғалым-ұстаз Әлия Меңдешқызы, жаныңыз пейіштің төрінде шалқысын, күлімдеген бейнеңіз мәңгі есімізде, қадірлі Әріптес!

Шәркүл ТАУБАЙҚЫЗЫ,
педагогика ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры

ӘЛИЯ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР..

Әлия Меңдешқызын 90 жылдардың басынан білетінмін. Кейін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде бір факультетте жұмыс жасадық. Әлия біртоға мінезді, алдына қойған мақсатына жету жолында табандылықпен әрекет ете білетін, көп сөзділікті ұнатпайтын, не нәрсені де тез жасап тастауға ұмтылып тұратын мінезімен ерекшеленетін. Әлиямен өте жақын достық сезімде араласып тұрдым. Оны дос ретінде де, әріптес ретінде де, жанұясының ұйытқысы ана ретінде де білдім десем артық айтқандық болмас. Әлиямен ғылым жолына түсіп, ізденуші кезімізде Алматыда да бірге жүруге тура келді. Сол кездерде өзінің алдына қойған мақсатына жетуде ғылымға шын берілгендігін, тиянақтылығын, ізденімпаздығын байқатып, ғылымдағы проблемаларды көре білетіндігімен де ерекшеленуші еді. Әлия адал достықты қадірлейтін, дос-жолдастарымен, әріптестерімен сыйластықты берік сақтайтын, арасында әзілін айтып, күлдіртіп жүретін ашық-жарқын жан еді ғой.

Әлия Меңдешқызы Мұханбетжанова педагогика ғылымында өзіндік орны бар, шәкірт тәрбиелеу мен оқыту ісіне бір кісідей атсалысқан ғалымдардың бірі болды. Ғылымның қиын да соқпақты жолдарында Әлия қандай қиыншылықты да жеңіп, өз дегеніне жетуге ұмтылатын жігерлілігімен, ұстамдылығымен, табандылығымен кейінгі жастарға үлгі бола білді. Соның нәтижесінде ғылымда өзіндік орны бар ғалымға айналды. Оның педагогика ғылымында өзіндік ерекшелігімен айқындалатын дүниенің ғылыми бейнесін бастауыш сынып оқушыларында қалыптастырудың теориясы мен әдіснамалық негізін нақтылауға арналған ғылыми жұмысы педагогика ғылымына қосылған сүбелі үлес болды.

Педагогика ғылымдары Академиясының (АПН СССР) «Тәрбие теориясы» ғылыми-зерттеу институтына ізденушілікке бекітіліп, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.З.Вульфовтың жетекшілігімен «Система воспитания детей в комплексе «Школа – детский сад» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаса, 2001 жылы елімізге белгілі ғалымдар педагогика ғылымдарының докторлары Бейсенбаева Аида Аршабекқызы мен Рахметова Сағира Рахметқызының кеңесшілігімен «Бастауыш білімді интеграциялау арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Ол тек өзі ғана ғылыммен айналысып қоймай, кейінгі жастарды да ғылымға тартып, олардың біразына ғылыми жетекші ретінде жол сілтеп, мақсаттарына жетулеріне қол ұшын беріп отырды. Соның куәсі ретінде Атырау мен Батыс Қазақстан мемлекеттік университеттерінде бірнеше жастың ғылыми жұмыспен айналысуда жетекші ретінде Әлияның қамқорлығын көріп, ғылыми дәрежелерін ойдағыдай қорғап шыққандарын айтсақ та жеткілікті.

Білікті ұстаз қандай істі де жауапкершілікпен атқарушы еді. Соның арқасында университеттерде басшылық қызметтер атқарып, кейінгілерге ғылым жолында өзін ғалым ретінде де көрсете білді. Әлия жаңалыққа құмар, ізденгіш болатын. Оның білім берудегі жаңа проблемалар туралы өзінің шәкірттерімен бірге жазған «Жаңартылған білім беру мазмұнының теориясы мен әдістемесі», «Педагогикалық жүйетану негіздері», «Кіріктірілген білім беру: теория және тәжірибе» сияқты оқу құралдары педагогикаға қосылған сүбелі үлес болып табылады. Осындай қажырлылығының, ерінбей еткен еңбегінің нәтижесінде ол «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, ҚР Білім беру ісінің үздігі



АНАМЫЗ ЕДІҢ АРДАҚТЫ

Шаңырағымыздың шырайын келтіріп, алтындай ұл-қыз әкеліп тәрбиелеген асыл анамыз Әлия Мұханбетжанованың өмірден өткеніне де жыл толды.

*Болатын үнің бейне таң самалы,
Жыл толды мейіріміңді Ана аңсағалы.
Жалғыз-ақ “айналайын” деген сөзден,
Жүйкенің жоғалатын шаршағаны.*

*Уақыт та жүйрік екен зымыраған,
Сіміре ішкен судай құмырадан.
Мұңайып кеткендейсің күні кеше,
Қалыпты-ау бір жыл толып бүгін оған.*

*От беріп лапылдаған алауыңнан,
Жылылық тарап бойға жанарыңнан.
Ұстаздық ұлағатпен мәпеледің,
Қалдырып артыңа үш саналы ұлан.*

*Жүзіңнен сәулеленіп нұр қаланған,
Ғалымдық атағың зор бұл ғаламнан.
Өсірдің перзенттерді саналы етіп,
Шәкірттер тәрбиелеп тұлғаланған.*

*Әкеміз терең ойға қамалғандай,
Жүрекке қайғы-мұңы жамалғандай.
Өзіңді жоқтай-жоқтай көңілімен,
Күрсіне шыңыраудан дем алғандай.*

*Көп еді ұрпағыңмен мақтанарың,
Немере күлкісіне шаттанарың.
Өзіңізден тараған саналы ұрпақ,
Дарханың, Дастаның мен Ақмаралың.*

*Қандырып кеттің өмір – қазынаға,
Көндіріп ақылың мен назыңа да.
Рухың жанымызда, арамызда,
Әр таңда сыйынамыз өзіңе, Ана!*

Ұл-қыздары, немерелері

күрметті атақтарына ие болды.

Әлия жанұяда Өтақаңа сүйікті жар, балаларына қамқор ана, немере жиендеріне ақылшы әже атанды. Сондықтан ананың қоғамда, отбасында алатын орны, атқарар рөлі ұшан-теңіз. Ана – ақылшы, тәрбиеші, үйдің береке – ырысы ғана емес, ол ел мен елді елдіестіруші, үзілгенді жалғаушы. Әсіресе қазақ қоғамында іскер аналардың алар орны ерекше екені кім кімге де аян. Ана ретінде де Әлияны осындай жақсы қырынан танып, білдім. Әлия балаларының өмірден өз орындарын тауып, жақсы азамат болып өсуіне ерекше мән беретін. Жан-жары, құдай қосқан қосағы Өтепберген екеуі ұл-қыз тәрбиелеп – өсіріп, олардың білім алып, мамандық игеруіне, ел қатарлы азамат болуларына, бір-бір үй болып, ұрпақ өсіріп – тәрбиелеуіне зор көңіл бөліп отырды. Жанұялық достар ретінде біршама шараларда да бірге жүрдік. Әлия мен Өтепбергеннің қуаныштарында, жанұялық шараларында бірге қатыстық. Олардың құдалары мені де құда – құдағиымыздың досы деп сыйласқанымыз соншалық, құдалары бізді де құдағи деп сыйлайтын.

Әлия М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде де білімді ұстаз, сыйлы әріптес, білікті басшы бола жүріп, өз ұжымының ұжым алдында үлкен беделге ие болды. Әлия Меңдешқызы білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталды.

Адамзат баласының алға қарай өсіп – өркендеуі оның елеулі еңбегіндегі, жан-жақты ізденісіндегі жаңашылдығына, шығармашылық болмысына, жаңаны ойлап таба білуіне байланысты десек, Әлия да ерінбейтін, үнемі ізденіс үстінде жүретін жандардың қатарынан көрініп, кейінгі жастарға жақсы іс-тәжірибесімен, парасаттылығымен қатар адами асыл қасиеттерімен үлгі болды. Қазір әлемде, оның ішінде білім беру саласында да көптеген өзгерістер болып жатырғаны белгілі. Соның бірі білім беру жүйесіндегі реформалар, ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың қарқындылығы, бәсекелестіктің өсуі, адамдардың өзара қарым-қатынас жүйесіндегі өзгерістерге Әлия да дер кезінде үн қосып, белсене араласты.

Иә, бүгінгі күні Әлия туралы өткен шақта әңгіме айтуға мәжбүрміз. Ол ұлағатты ұстаз, ғалым, дос, жолдас, өз ұрпағын жанындай сүйетін ана еді.

Бақыт БАРСАЙ,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

ӨМІРІҢІЗ - ӨНЕГЕ, АҚЫЛШЫМ, ҰСТАЗЫМ!

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әлия Меңдешқызы Мұханбетжанованың арамыздан мәңгілікке кеткеніне жыл болып қалды. Жаныммен жақсы көретін адам туралы естелігімді ұстаздық және ғылыми еңбегі сіңген Атырау университетінің газеті арқылы әріптестеріне арнауды жөн көрдім.

Педагогика ғылымдары саласында ол кезде Атырау университетінің ғылыми әлеуеті бізден жоғары болатын. 1990 жылдардың аяғында Орал қаласындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне ректордың арнайы шақырумен Атыраудан педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әлия Меңдешқызы Мұханбетжанова келді. Содан бастап біздің университетте педагогика ғылымдарының даму, шарықтау кезеңі басталды.

Әлия Меңдешқызының тағы бір талабы – жұмысыңды қорғауға шығармас бұрын Алматы, Астана, тіпті Самара, Саратов, Орынбор сияқты Оралға жақындау жердегі Ресей қалаларына мүйізі қарағайдай докторларға жұмысымызды оқытып, пікірлерін білуге жолдайтын. Бұл қорғау алдындағы міндетті пікір жинаудан әлдеқайда қиындау қадам еді біз үшін. Расын айтсақ, оң пікірлерді таныс адамдарың болса почта арқылы жинап алатын үрдіс әуелден қалыптасқан

ғана мойындайтын ғалымдар көп емес екенін бағамдадым. Мүмкін содан болар, ғылыми Кеңесте ылғи да ұстазымның шоқтығы биік, беделі жоғары екені анық көрініп тұратын.

Менің бағыма, кандидаттық жұмысымды да, докторлық жұмысымды да Әлия Меңдешқызының жетекшілігімен қорғадым, ізденушілеріне жоғары талаптар қоятыны арқасында үнемі ізденуге, өзімізге қоятын талап межесін түсірмеуге тырыстық. Оның өзі де тыным алмайтын, шәкірттеріне де жоғары талап қоятын қасиетінің арқасында көп нәрсені үйрендік: ғылыми мақалалар жазу, эксперименттер жасау және оны талдау, тиімділігін бағалау әдістемесін жасау,



Профессор Мұханбетжанованың өте терең білімді, педагогикадағы жаңа парадигманы мықты білетін, ғылыми көрегендігі жоғары, парасат деңгейі биік, ой-өрісі ұшқыр адам екені бірден байқалды. Сол кезде-ақ, тұлғалық бағдарлы оқыту, өзіндік білім алу, дамыта оқыту, сыни тұрғыдан ойлау, жобалау әрекеттерін ұйымдастыру таңдау курстарын қолға алып, оны педагогикалық мамандықтар бойынша бағдарламаға енгізген болатын.

Білім беру саласында инновацияның қаулап өркендеп келе жатқан кезі ғой, сол кезде мектеп басқару теориясы туралы ізденіп жүрген маған ғылыми кеңестер беріп, қазіргі менеджменттің теориялық негіздемелеріне бағыттап берді. Заманауи басқару технологиясы, басшылардың құзіреттіліктері туралы да тұжырымдар жасап, зерттеулер жүргізу, іздену бағытын берген болатын.

Ғылыми жұмыстың әдіснамасы мен әдістемелерін түсіндіре отырып, осы бағыттағы әлемдік зерттеулермен танысу қажеттігін талап ететін. Ол үшін, Москвадағы диссертациялық залда, Алматыдағы орталық кітапханада көбірек жұмыс істеу, диссертациялар оқу, сараптау қажеттігін ұғындыратын. Кей кезде ізденушілердің тек ғалымдардың авторефераттарымен ғана танысып, зерттеулерінің негізіне алатынына ренжитін.

Ғой, оны да ізденуші өзі дайындап, тек ғалымдар қол қоя салатыны жасырын емес. Әлия апай әрбір қорғалатын жұмыстың тазалығына, өзектілігіне, ғылыми-практикалық маңызына аса мән беретін. Мысалы, маған кезінде Алматыда айлап жатсаң да белгілі методолог-ғалымдар Аида Бейсембаеваға, Шәркүл Таубаеваға, Клара Қожахметоваға міндетті түрде оқытып алуыма кеңес беруінің өзі мықтылықтың белгісі. Қарап отырсам, осы ғалымдардың да қатары сиреп жатыр, әбден өкінішті... Қай қайсысының да алдынан өттім, оларды тыңдаудың, алдында болудың өзі бір мектеп еді, ескертпелері бойынша жұмысымды сан рет қайта қарадым да. Бұл ғылыми адалдықтың, академиялық тазалықтың бір белгісі болып жадымда сақталып қалды... Міне, осындай үлкен ғылыми мектептен өткізіп, ізденушілерді әбден ысылтып, жұмысымызды әбден пісіріп барып қорғауға шығаратын. Бұл талаптан апайдың жетекшілігімен кандидаттық диссертацияларын қорғаған Шынар Габдрахменова, Асылбек Иргалиев, Айгүл Медешова, Ақлима Мұхамбетчина, Гүлжан Ерғалиева сияқты университетіміздің жас ғалымдары түгелдей абыроймен өтті. Қай жұмыстарымыз да өте сәтті қорғалды, сонда ғана бұл ғылыми жетекшінің жоғары деңгейі екенін түсіндім, бұндай кіршіксіз жұмыс пен кіршіксіз ғылыми тазалықты

зерттеудің ғылыми аппаратын негіздеу, кезеңдерін анықтау, т.б..

Профессор Мұханбетжанованың ғылымға адалдығының тағы бір дәлелі – зерттеу жұмысының шынайылығын, ғылыми гипотезасы айқындалуын, оның дұрыстығын дәлелдеуде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың орындалуын мұқият өзі қадағалайтын. Педагогикалық ізденістер туралы ғылыми мақала жазуды, республикалық, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуды, әдістемелік құралдар мен оқулықтар жазуды қатты талап ететін, ғалым болу атақ үшін емес, ғылымға қосатын үлесің үшін маңызды дейтін.

Тағы бір ерекшелігі – кез келген нәрсені тұтастай қарастыру, яғни айналадағы құбылыстың, нақты іс әрекеттің белгілі бөлігін қарастыра отырып, оның тұтастығын көру, дүниенің картинасын тұтас қабылдауға бейімділік. Аспирант, ізденушілерден зерттеу барысында педагогикадағы өзгерістерді бөліп алмай, білім берудің философиясын қоғам дамуына сай қалыптасқан парадигма аясында қарастыру, танымдық әрекеттерді тұлғаның құндылықтарымен байланыста қарастыруды қатаң талап ететін.

Әлия Меңдешқызының өзінің докторлық диссертациясы да білім беруде дүниенің тұтастық бейнесін қалыптастырудың ғылыми негіздерін зерттеуге арналған.

Ол менен өз идеяларының жалғасын зерттеуімді қалайтынын, ойларымыздың үндестігін байқап жүргенін айтқан еді. Осы жерде ұстазымның ғылыми көрегендігіне тағы бір дәлел – «жобалауды басқару жүйесіне ендіруді зертте, өте күрделі, бірақ бұл заманауи өзекті проблема болады кейін» дегені келіп отыр. Қазір басқарудың әлем бойынша мойындалған идеясы жобалық менеджментпен тікелей байланысты болып отыр. Саған мынадай кітаптар тауып қойдым, мынадай авторларды қарашы деп, шетелдік, ресейлік, отандық ғалымдарды атап отыратын. Кете кеткенше ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» жаңартылған білім беру бағдарламалары авторларының бірі ретінде жаратылыстану бағыты бойынша жұмыстар атқарды, халықаралық басылымдарда ағылшын тілінде еңбектері жарияланды, Хирша индексі де жоғары аз ғана ғалымдардың бірі болып танылған еді.

Бірге отырып білім саласындағы заманауи еңбектерді талдайтынбыз, Т.Кун, К.Роджерс, М.Фулан, М.Барбер, Д.Дьюи, Л.Выготскийлерді қазақша сөйлетуді армандайтынбыз...

Ия, тұнып тұр барлығы да көкіректе, қайсы бірін жазасың... Тұлғасы, жан дүниесі, білімі, ана, әже ретіндегі бейнесі, әйелдік кірпияз болмысы – бәрі, бәрі үлгі болатын жан...

Алдағы уақытта өзі ашқан педагогика кафедрасымен бірге әлі де ғылыми конференциялар өткізу, ұстаздың ғылыми мектебін құру, кітаптарын шығару, т.б жұмыстарды шәкірттері болып бірге қолға алып жатырмыз. Осылайша, енді Әлия Меңдешқызының мәңгілік ғұмыры, естеліктер мен еңбегін шығару арқылы есте қалатын ғұмыры алда деп сенемін. Шүкір, бір өзі тек Оралда ондаған ғылым кандидатын, 20–25 магистр дайындады, Атырауда да осы шамада болар. Барлығы да қызмет етіп жүр, екі облыстың да ғылыми әлеуетіне үлкен үлес қосып кетті, талай жанның ғылыми жолын ашты, таудай талабын қолдады, жағдайын жасады. Тіпті пәтер жалдап ақша шығармаңдар деп, Атыраудағы Кеңеске сан рет баратын бізге өз балалары Ақмарал мен Бауыржанның, ия Дархан мен Дастанның үйлерінің бірін босаттырып беретінін жасыра алмаймыз. Бір күн емес, бір рет емес, үнемі сол үйлерде өз шаңырағымызға келгендей талай еркінсіп, жұмыстарымызбен айналысуға мүмкіндік жасайтын. Әлі есімде, Ақмарал Өтепбергенқызының балалары Дәурен мен Әдияш ол кезде кішкентай, «апа жұмыс жасап жатыр» деп, өз үйлерінде аяқтарының ұшымен жүретіні, сыбырлап сөйлесетіні... Бұл да сыйластық пен тәрбиенің керемет үлгісі болатын. Қайсы бірі айтарсың, барлық жақсы істерінің шапағаты балалары мен немере жиендеріне қайтсын, имандылығы дарысын, болашақтары зор болсын деп тілеймін...

Ғ а л ы м Ә л и я М ең д е ш қ ы з ы Мұханбетжанованың жаны пейіштің төрінен орын алды деп білеміз, жарқын бейнеңіз мәңгі есімізде, қымбатты Ұстаз!

Светлана БАХИШЕВА,
педагогика ғылымдарының докторы,
Орал қаласы



ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ

Ұстаздар ішінде еңбекке деген қажыр-қайратының, ғылыми зерттеуге деген табандылығының арқасында биікке жетіп, әріптестері мен шәкірттерінің жүрегінен орын алған, құрметке лайық жандар аз емес. Қашанда шәкірттерін ғылым жолына бет бұруға баулып, әр сабағында педагогиканың қыр-сырынан сыр тартып, Тәуелсіз Қазақстанның ғылым жолының мәні мен мазмұнына терең бойлап, әрдайым оған үлес тигізуіміз қажет екенін ұқтырып отыратын педагогика ғылымдарының докторы, профессор-ғалым Әлия Меңдешқызын сағынышпен еске аламыз.

Әлия Меңдешқызы бізге ыстық есім. Тәуелсіз Қазақ педагогикасы ғылымының іргетасын қалаушы педагогика ғылымдарының докторы, профессор, методолог-ғалым. Ыстық деуімнің жөні бар. Магистратураға алғаш түскен күннен бастап міндетті пәндерімізден сабақ берді. Мені факультет деканына өзі ертіп апарып, бізге КазГУ-дан осындай қыз келді деп таныстырды. Алғашқы сабақ күндерінен бастап, ғылыми бағыт-бағдар беріп, диссертациялық тақырыбымды дұрыс таңдауға көмектесті. Өзіммен жеке сырласып, ақыл-кеңестерін айтқан кездері де болды. Маған «Сенің педагог болуға деген ұмтылысың күшті, көп ізденіс керек, ештеңеге ерінбе» деп отыратын. «Өз ісіне

адал маман шығатынына сенемін» дегенде марқайып қалатынымын. Сіз берген білім мен ақыл санамыздан өшпейді. Біз небәрі 1 жылдың ішінде өзіңізге бауыр басып үлгерген едік.

Әлия Меңдешқызы «Ұстаз» атына ешқашан да дақ түсіргісі келмейтін. Бар білгенін бізбен бөлісуден аянбады. Өмірінің соңына дейін әрбір дәрісін де, семинарын да қалдырмай өткізіп, бізден үнемі әділдікті талап етті.

Ұстазымызды өмірден өтті деген хабарды естігенде сенер-сенбесімізді білмей, есеңгіреп қалған едік. Жарты ғасырдан астам ғұмырында білімділігі мен біліктілігінің, қабілеті мен қағыліездігінің арқасында көпке үлгі, іске ұйытқы болып, ұстаздық пен ғалымдықты ұшастырып, еңбегінің жемісін көрді. Сол еңбегі келер ұрпаққа мұра, өшпес үлгі болып сақталатыны сөзсіз. Ұстазымыздың жарық дүниеден кеткеніне де 1 жыл болып қалыпты. Жақсы ұстаз әкең мен анаң сияқты ғой. Оған деген ықыласың да, құрметің де, сағынышың да ерекше болады. Уақыттың жүйрік екенін білгенде әлі де көп ілім-білім жиып, ақыл-кеңестеріңізді сұрап қалар ма едік?! Амал нешік! Жаныңыз пейіште шалқысын, ұстаз! Иманыңыз жолдас болсын! Біз сізді ұмытпаймыз!

Жадыра НАЖИП,
Жастар саясаты
департаментінің маманы

МАМАНДЫҒЫМ - МАҚТАНЫШЫМ!

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде білім алуды таңдау себебім, мен өзімнің қалаған мамандығымды осы білім ордасында таптым. Ата-анам жандарында жүруімді қалағандықтан, осы университетке құжаттарымды жинап тапсырдым. Оның үстіне студенттерге оқу ақысы да өте тиімді болды. Енді міне өзімнің қалаған мамандығымды оқып, бітірген сәтке де жеткенімізге қуаныштымын. Университетте ең жақсы оқытушылар білім берсе, өзіме группалас достарды да тауып, достарымның қатары көбейді. Менің белсенділік қабілетімді арттырған да осы білім ордасы болды. Бүгінгі күні барша ұстаздарыма алғысымды білдіре отырып, университеттің барша ұжымын 70 жылдық мерейтойларымен шын жүректен құттықтаймын. Әрдайым биік белестерден көрініп, еліміздің мақтанышы болар түлектерді тәрбиелеп шығара беріңіздер!

Малика TAKEЖАНОВА,
Гуманитарлық ғылымдар және өнер
факультетінің 2020 жылғы түлегі



АРМАНЫМ ОРЫНДАЛДЫ

Әр жас мектеп бітірісімен өзінің болашағы үшін білім іздейді. Алайда «қай оқу орнына барып білім алсам екен» деген сұрақ кім-кімді де мазалайтыны белгілі. Сондай кезде адамға нақты шешім қажет. Ал, мен болсам алысқа бармай-ақ өзімнің мұнайлы өлке саналған өңірдегі Атырау мемлекеттік университетіне оқып білім алуды басты мақсат етіп, педагогикалық мамандықты таңдап, сол арманыма қол жеткіздім. Өйткені, мен үшін басқаларға қарағанда осы оқу орнының артықшылықтары мен жеткен жетістіктері өте көп. Мен де бұл оқу орнынан таңдаған мамандығымды игерумен қатар өзіме мол тәжірибе де жинадым. Кейінгі жас толқындарға да осы оқу орнынан сапалы білім алып, өсе беріңіздер, биіктерден көріне беріңіздер деген ақжарма тілегімді жолдаймын.

Ізбасар СЕРІКҚАЛИҰЛЫ,
Физика, математика және ақпараттық
технологиялар факультетінің 2020 жылғы түлегі



БІЛІМ АЛУҒА БАР ЖАҒДАЙ ЖАСАЛЫНҒАН

2017 жылы қаламыздағы білім ордамыз қарашаңырағымыз Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне мемлекеттік грант негізінде химия мамандығына оқуға түстім. Колледжден кейінгі білім болғандықтан, колледж бітірер кезде білімімді әрі қарай жалғастыру үшін осы университетті таңдаған едім. Университетті таңдаудағы себептер жетерлік. Қысқа да нұсқа айтар болсам, маған ең бірінші кітапхана және химиялық лаборатория қатты ұнады. Студент қай жерде білім алса да, оның білімді әрі саналы болуы өзіне байланысты деп ойлаймын. Десекте, саналылық пен білімді қалыптастыруда кітапхана қорындағы қажетті кітаптар және алған білімді тәжірибе жүзінде дәлелдеу үшін химиялық лабораторияның маңызы зор. Сонымен қатар мұғалімдердің дұрыс бағыт бағдар беруі де маңызды болып табылады. Осы аталған маңызды дегендердің барлығын университетімнен таптым деп айта аламын. Тағы бір

ерекшелігі университет басшылығы студенттермен ашық саясат ұстанатыны. Мен үшін үш жыл бойы білім алып, жетістіктерге жеткен университетім қай кезде де ыстық болып қаларына сенімім мол.

Бітіруші түлек ретінде әр түрлі жарыстарда қолдау көрсетіп, жетістіктерге жетуіме себепші болғаны үшін университет басшылығына және білім берген барша ұстаздарыма алғысым шексіз. Университет ұжымына да алғысымды білдіре отырып, саналы және тәрбиелі, бәсекеге қабілетті білікті мамандар дайындауда аянбай еңбек етіп, көптеген жетістіктерге жете беруіне шын жүректен тілектеспін!

Гүлжазира БОЛАТБЕКҚЫЗЫ,
Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің 2020 жылғы түлегі



ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖЕТПІСІҢ!

Мықтылардың ордасы бола білген құт мекен,
Ақтарылар тілегім толастамай жүр көптен.
Досмұхамедовтей ғалымның еншіледің есімін,
Сендік білім, ғылымның қауыздары нұр сепкен.

Армандарды алдамас, алып ұшқан ардақтым,
Терезенді тең қылдың биіктеген жан жақтың.
Сен білімнің бұлағы, сен ғылымның құндағы,
Сенде жүрген сезінер шын бақыттың шәрбәтін.

Іргең берік болып тұр, биік болсын даңқың да,
Қилы жолда қаймықпа, аласарма, тартынба.
Кіл мықтыны түлеттің, ақынды да, ғалымды,
Заңғарлардан көрініп тұршы осы қалпыңда.

Құтты болсын 70-ің қадірі асқан құрметтім!
Тарихыңды толғандым, тамырыңа жыр ектім.
Ізі қалған көненің, келешектің беті бар,
Қара шаңырағы білімнің қарыштай бер демекпін.

Ақтілек АБАЙҚЫЗЫ,
Гуманитарлық ғылымдар
және өнер факультетінің
2020 жылғы түлегі



АЙТАР АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

«Журналист - ең құрметті мамандық». Журналистің жүрмейтін жері, баспайтын тауы жоқ оны қабарлы қыс, қарлы боранда түзде жүрген малшының қасынан да, кең жазира далада да, егін орған комбайнердің жанынан да, ыстық цех пен терең шахтадан да, космосқа жол салған сайып қыран батырлардың арасынан да кездестіресіз. Қай жерде еңбек адамы болса, сол жерде журналист бар. Менің сондай асқақ арманым жол ашып берген - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті. Биыл 4 жыл білім алған білім ордасының 70 - ші түлектері болып қанат қаққалы жатырмыз. Бұл мен үшін және менің замандастарым үшін есте қалар сәт деп білемін. Өйткені, арманымыздың ала-сармауына бағыт беріп, жас маман баулуға жетелеген университетіміздің оқытушылары мен оқу ордасының ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Аталмыш университеттің тарихында журналистика мамандығы өз ерекшелігімен ойып тұрып орын алады десе әсте артық айтпағанымыз болар. Бұл сала «алма піс, аузыма түс» деп, жатып алатын жалқаулардың жұмысы болып, сынақтардан сүрініп түсіп жататын мамандық емес. Жалпы айтқанда, бұл журналистика баспалдақ іспеттес. Ол құлап емес, жүрегің қалап түсетін мамандық екенін айта кеткім келеді. Осы мамандыққа аяқ тіреген студенттерді 4 жыл журналист етіп шығаруға қанаттандырып, алдағы арманымызға жетуге бұл білім ордасы үлкен жол ашты. Бұл арада еліміздің өсіп, өркендеуіне, мұнайлы өлкеміздің дамуына сүбелі үлесін қосып келе жатқан университет басшылығы мен «бар білімді біліп шықсын» деп жан ұшыра барын салған ұстаздардың еңбегі ұшан теңіз. Сондықтан, мен туған өлкемде жоғары білім алып, сапалы маман даярлаған оқу ордама әрқашан дән ризамын.

Айсәуле АРДАҚҚЫЗЫ,
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің
2020 жылғы түлегі



БІЛІМГЕ ӘРҚАШАН ЖОЛ АШЫҚ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті басқа жоғары оқу орындарынан кем түспейтін өз ісінің білікті мамандары жиналған білім беру ордасы деп мақтанышпен айта аламын. Университет мені жоғары дәрежедегі шетелдік университеттермен әріптестігімен қызықтырды. Осындай оймен мен еш қателеспестен АТГУ ді таңдаған болатынымын. Енді міне арада төрт жыл уақыт зымырап өтіп, біздер де өзіміздің білім ордамыздан диплом алып шықпақпыз. Алға қарай да осы бір білім ордасы жас мамандарды даярлап, озық ойлы шәкірттер шығара беруіне тілектеспін.

Амангүл СЕМБАЙҚЫЗЫ,
Жаратылыстану және ауылшаруашылық
ғылымдары факультетінің
2020 жылғы түлегі



ОҚЫҒАН ЖАНҒА МҮМКІНДІК МОЛ

Мен Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетін таңдағаныма шексіз қуаныштымын. Себебі, төрт жылдың ішінде бұл оқу орны бізді жан-жақты шыңдап қана қоймай, білім нәрімен сусындатып, алғы күндерімізге бағыт берді. Өз білімі мен өз күшіне сенетін әрбір студентке бұл оқу орнында жан-жақты ізденуге де көп мүмкіндіктер қарастырылған. Өзім туралы айтатын болсам, факультетіміздің белсенділер тобына қосылып, университет өміріне белсене араласа жүріп, талай қызығы мен қуанышы мол күндерді бастан өткердім. Олай дейтінім біздер білім алумен қатар көптеген тренингтер мен әр түрлі іс-шараларға қатысып, шыңдалу мектебінен өттік. Бұл орайда қол жеткізген барлық мүмкіндіктер мен жетістіктерді сөзбен сипаттау мүмкін емес. Өйткені өзімді жақсылыққа ғана үйреткен саналы ортаны кездестірдім, қасыма жанашыр болар жақсы достар таптым. Сондықтан осы орайда кафедраның және университетіміздің профессор - оқытушыларына өзімнің ризашылығымды жеткізгім келеді. Бізге үнемі қолдау көрсеткен факультеттегі оқытушыларға да айтар алғысым шексіз. Университетіміз алға қарай қадам басып, әлемнің жетекші оқу орындарының бірегейіне айналуын тілеймін.


Дарын НҰРЛАНҰЛЫ,
Экономика және құқық факультетінің 2020 жылғы түлегі



Горжусь своим университетом

Весной 2016 года, после окончания школы я долго думала какой же выбрать ВУЗ. Если честно, то на АТГУ наткнулась случайно. Когда просматривала специальности я заметила специальность Биология (научной сфере) предложенные в её рамках курсы и поняла, что хочу поступать туда. К тому же, АТГУ расположен в центре города. И так я выбрала Атырауский государственный университет им Халела Досмұхамедова. Поступила в факультет «Естественных и сельскохозяйственных наук». За эти 4 года студенческой жизни я испытала много счастливых и незабываемых впечатлений. Университет большой, замечательная библиотека, комфортабельные аудитории, в целом атмосфера очень дружелюбная. Уровень преподавания очень высок. Особенно мне нравится, что преподают практики, то есть люди на собственном опыте знают то, о чем говорят на лекциях. Профессора не дистанцируются от студентов, наоборот, стараются общаться на равных. Учёба в вузе отличается от школы именно тем, что здесь всё зависит только от тебя. Самый большой плюс это - Университет идет на встречу амбициозным и целеустремленным студентам! Студенческая жизнь - не только приобретение базовых знаний и прохождение образовательной программы, но и развитие студента как личности. Атырауский государственный университет - это отличная возможность найти себя, приобрести нужные компетенции для успешной будущей жизни. Успехов всем абитуриентам, становитесь достойными студентами!

Куралай ИБРАЕВА
выпускница 2020 года факультета
естественных и сельскохозяйственных наук



ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артында із қалдырған...

Әрбір өлкенің тарихында ұлттық ой-пікір мен ғылымының терең алтын дінгегі сияқты дара тұлғалар болады. Жазушы Әбіш Кекілбаев бір сөзінде «Адам ғұмырының жалғыз ғана өлшемі бар, ол – арттағы ұрпақ қамы үшін бітірген ісің» – деген еді.

Осындай артына іс қалдырған біртуар адамдар қатарындағы, кеше ғана арамыздан өткен (көңіл әлі сенбейді) батыс өңірінің тумасы, жаңартылған білім негізін қалаушылардың көшбасшысы (бастауыш білім стандартының авторларының бірі), педагогика ғылымдарының докторы, профессор Алия Меңдешқызы Муханбетжанованың өнегелі өмір жолына тоқталуды өзімізге пәрыз санадық...

Қазіргі кездегі бастауыш мектеп педагогикасының жаңартылып ерекше өркендеуіне, мәртебесінің өсуіне зор үлес қосқан да Алия Меңдешқызы Муханбетжанова.

Алия Меңдешқызы өзінің педагогикалық мол іс-тәжірибесінде бастауыш мектептің жаңартылған білім мазмұнына арналған бірнеше оқулықтар жазып, оны ұрпақ болашағына пайдаға асыратын ұстаз-шәкірттер, ғалым-шәкірттер дайындады. Оның ұстаздық және басшылық ғалымдық өмір жолы кімге болса да үлгі ғибратқа толы болды.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, п.ғ.д., ҚР білім беру ісінің үздігі, «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Тәуелсіздікке – 25 жыл» төсбелгілерінің иегері Алия Меңдешқызы Муханбетжанованың өнегелі өмір жолына тоқталар болсақ. Ғалым-ұстаз 1951 жылы 25-наурызда Орал облысы, Чапаев ауданы, Киров селосында дүниесігін ашқан.

1971 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтын бітіргеннен кейін, еңбек жолын Батыс Қазақстан және Гурьев облыстарындағы орта мектептердің мұғалімі болып бастаған. Педагогикалық жұмысы Гурьев педагогика институтында, кейіннен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде жалғасты: аға оқытушы (1987-1993 жж.), жалпы және халықтық педагогика кафедрасының доценті (1993-1994 жж.), педагогика факультетінің деканы (1994-2001 жж.), проректор. 1998 жылы Мәскеудегі ПГА қарасты ғылыми зерттеу институтында ғылым докторы Б.З.Вульфовтың жетекшілігінде ғылыми ізденуші болды. 1991 жылы «Система воспитания детей в сельском комплексе школа-детский сад» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ғылыми ізденісін ары қарай жалғастыра отырып, Мәскеу, Донецк, Белгород және басқа қалаларда өткен ғылыми теориялық конференцияларда баяндамалар жасады. Ғылыми еңбектері «Советская педагогика», «Высшая школа Казахстана», «Поиск», «Начальная школа», «Начальная школа» т.б. арнайы басылымдарда жарық көрді. 2001 жылы «Бастауыш білімді интеграциялау арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық әдіснамалық негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Білім беру мазмұнын жаңартудың басым бағыттарын айқындайтын 12-жылдық білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнының қоғам талабы мен мемлекеттік даму болашағына сай құрылуы жоғары білім беру жүйесінде де өзгерістер болуын қажет етеді.

Бұл сөз жоқ, кәсіби құзырлы, дербес пәндер әдістемесі, теориясы мен тәжірибесі негіздерін игерген және оны өз кәсіби іс-әрекетінде қолдана алатын маман даярлау мәселесін шешуді талап етеді... Осы мәселелердің шетелде қалай қарастырылуы мен шешілуін шете

игеру мақсатында Алия Меңдешқызы біраз шетелдерде болды. Мысалға, Литвада (Вильнюс қ. 2006ж.), Германияда (Берлин, Майнц 2007 ж.) ғылыми тағылымдамадан және білім жетілдіру курстарынан (г.Москва, РФ, 2007), «Инклюзивное образование» (Международная программа ICEVI, 2008), (г. Саратов), «Опыт организации социально-педагогической деятельности» (г.Самара., 2010-2015) т.б. өтіп, халықаралық сертификаттар мен куәліктерге ие болды.

Алия Меңдешқызы сонымен қатар, білім берудегі біраз мемлекеттік құжаттардың авторы ретінде бағаланады. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім берудің (ГОСО РК 2.003-2007), ҚР «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ГОСО РК 2.001.1 – 2008),

12 жылдық бастауыш мектептің «Жаратылыстану» пәнінің мемлекеттік стандарттары.

Болашақ мұғалімдерге 12 жылдық білім беру жүйесінің тиімділігі мен қажеттілігін түсіндіру, оның құрылымы мен мазмұнындағы ерекшеліктерді, оқыту әдістері мен құралдарын, оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формаларын, құзыреттіліктерге бағдарланған білім беру нәтижелерін меңгерту мақсатында А.М.Муханбетжанова елеулі еңбектер жасады, сол еңбектері еленіп, мемлекеттік гранттар жеңімпазы да болды.

ҚР «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері (2006 ж.; 2011 ж.) «Қоғамдық және әлеуметтік» бағыт бойынша ғылым мен техниканың дамуына көрнекті үлес қосқан ғалымдар үшін берілетін мемлекеттік ғылыми шәкіртақы иегері (2008 ж.) атанды.

Өзінің кемел шағында «Әттеген-айлатып» кеткен Алия Меңдешқызының ғалым ретінде, ауыз толтырып айтарлықтай 250-ден астам ғылыми еңбектері шетелдік және Қазақстанның орталық басылымдарынан жарық көрді және бүгінгі күні ғылыми айналымда жүр.

Негізгі ғылыми еңбектері ҚР білім мазмұнын жаңарту, бастауыш білімді интеграциялау, білім берудің әдіснамалық-теориялық негіздері, 12-жылдық білім беру т.б. мәселелеріне арналған. 10 монография, 50-дан астам оқулық, оқу-әдістемелік құралдар және 10 электрондық оқулық авторы.

Сол еңбектердің басты-басты бірнешеуіне ғана тоқталып өтуді жөн көрдік. Оның ішінде қомақты да салмақты қазіргі педагогика ғылымындағы өзекті проблеманы көтерген еңбек «Білім беруді ізгілендіру» (2006 ж.) монографиясы. Бүгінгі таңда адамдар ізгілік пен рахымға, қазақи кең пейілге зәру болып отырған қоғамда тәрбиедегі ізгілендіру мәселесін көтеруі ғалымның көптен толғандырып, ойландырып жүрген «бұл қалай?» деген мәселені қозғауы біздің қоғамымыздың да басты проблемасы екені даусыз.

Дәл сол 2006 жылы «Білімнің интеграциясы: теория және практика» деп аталатын монографиясы жарық көрді. Содан кейін екі жыл өтпей жатып, «Білімді интеграциялауда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану» (2008), «Тұлғалық бағдарлы педагогика» (2009) монографиялары баспа бетін көреді.

Бұдан соң Алия Меңдешқызы студенттердің, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жол сілтейтін оқулықтың, әдістемелік еңбектердің жоқтығынан, осы олқылықтың орнын толтырарлықтай оқулықтар жаза бастады. Мысалға айтар болсақ, «Педагогикадағы ғылыми зерттеудің әдістері» оқулығы ғылым жолына түскен жастарға бағыт, бағдар болды.

Студенттер, магистранттар дипломдық, диссертациялық жұмыстарының ғылыми аппаратын жасауда осы еңбекке сүйенеді.

«Кредиттік жүйе жағдайында оқытудың

инновациялық технологиялары» оқу құралы қоғам дамуының жаңа жағдайлары, әлемдік білім беру кеңістігіне енуі, дамыған елдердің педагогика ғылымының қазіргі даму тенденциялары мен білім жүйесі, әлемдік педагогикада жинақталған тәжірибенің талдануы, кредиттік жүйе жағдайында жаңа инновациялық технологияларды жеке тәжірибеде қолдану әдістемесі ұсынылды.

Қазіргі кезде жаһандану енуде кіріктіріп оқытуды жаңа инновациялық технологияларда пайдалану, жеке тәжірибеде қолдану әдістемесін ұсынады.

Алия Меңдешқызының еңбектерін оқып, саралағанда ондағы жаңалықтың, түрлі педагогикалық талдаулардың жүйелілігі Сізді одан әрі ізденуге жетелейді.

Ғалымның еңбектеріндегі көтерілген проблемалар қазақ тілінде бұрын жарық көрмеген, жарық көрмек түгілі тақырыбы көтерілмеген, ғылыми айналымға енген тың проблемалар болды...

Сонымен қатар, профессор Алия Меңдешқызы Муханбетжанова батыс өңірінде ғылыми кадрлар даярлайтын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті жанындағы ғылым кандидаты, кейін ғылым докторы дәрежесін алу үшін құрылған диссертациялық кеңестің толық мүшесі ретінде ғалым кадрлар даярлауда өз үлесін молынан қосты деп нық айта аламыз.

А.М.Муханбетжанованың ғылыми жетекшілігімен 1 докторлық, 10 кандидаттық, 40-тан аса магистрлік диссертациялар қорғалды. Сол диссертанттардың барлығы республиканың түкпір-түкпірінде ұстаз, басшы, ғалым-оқытушы, профессор боп қызмет атқаруда.

Сонымен қатар, Алия Меңдешқызы өз жұртының, қайын жұртының есімдерін әйгілеген қадірменді қыз, сүйікті жар, асыл әже. Жары Өтепберген екеуі ұлын ұяға, қызын қияға ұшырған үлгілі ата-ана. Қызы Ақмарал Өтепбергенқызы ана жолын қуған ғалым-ұстаз, ғылым докторы, бір кездері Әлия Меңдешқызы басқарған Инновациялық білім беру факультетінің деканы.

Жалпы, Алия Меңдешқызының әр қырынан әңгімелеудің реті әлі алда...

Демек, Алекаң бастаған ұлы іс әлі жалғасын табады...

Адамдығы, азаматтық келбеті, үлкенге ізеті, кішіге мейірі, қол астындағыларға, шәкірттеріне қамқор, жариялылығы (ештеңені құпия ұстамайтын) ер азаматқа тән қайсарлығы, достыққа адалдығы, ұйымдастырушылық қабілеті, қарапайымдылығы мен ұқыптылығы, жанкешті еңбекқорлығымен қатар, үлкен ғалымдығы ол кісінің бойында бар.

Осы тізбектегі құндылықтарды бөлек-бөлек жырлауға болады...

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, төмендегідей ұсыныстар береміз.

- Профессор А.М.Муханбетжанова есімін ұрпақтар есінде қалдыру үшін бір көшенің аты берілсе екен.

- Өзі ұзақ жыл қызмет еткен университетте бір аудиторияға ғалымның аты берілсе.

- Өзі қызмет атқарған факультетте жылма-жыл А.М.Муханбетжанованың педагогикалық идеяларына (жаңартылған білім мазмұнына) байланысты арнайы конференциялар, семинарлар өткізіліп тұрса нұр үстіне нұр болар еді.

Бақыт КАЛИМУХАШЕВА,
Профессор, педагогика
ғылымдарының кандидаты
(Алекаңмен ұзақ жыл қызметтес
болған үзеңгілес құрбысы)

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ

Осыдан бір жыл бұрын ұлағатты ұстаз, ағайынға сыйлы ана, ұжымда беделді апайымыз Әлия Меңдешқызы кенеттен дүниеден озды деген суық хабар бәрімізге ауыр тиді. Әлия апайды ерекше сыйлайтын ұжымдастар, ағайын-тума, дос-жаран, шәкірттері қапелімде жақындарын жұбатарға сөз таппай қиналып қалдық.

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті инновациялық білім беру факультетін ұзақжылдар басқарған білікті басшы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әлия Меңдешқызының өмірі, қызметі, ғалымдығы, ұстаздығы шын мәніндегі кейінгілерге үлгі еді. Мынау жарық өмірде сәулесін жан-жағына шашып жүретін шұғылалы жандар болады. Олардың өмірі өнегелі, отбасы тәрбиелі, ұлқызы әдепті, келіндері ибалы, немерелері зейінді барлығы қызығып қарайтын сыйлы әулеттің ұйытқысы Әлия апайдың өзі еді ғой. Осындай өнегелі әулеттің алтын діңгегі Өтепберген ағамыз бен Әлия апайдан өрбіген Ақмарал, Дархан, Дастан әрқайсысы өз алдына бір-бір үй болып отыр.

Әлия апай университеттегі еңбек жолында ғылымға талпынған жастарға қамқорлығын таныта білген жанашыр ұстаз еді. Сонау 2006 жылдары бір күні ғылыми жетекшім Қадіржан Брянұлы ағайыма жолығайын

деп кафедраға келсем, Алия апай отыр екен. Қорғағалы жүрген тақырып төңірегінде біраз тың ақпараттарды талдап, талқылап, Махамбет өлеңдерінің өміршеңдігін тағыда бір тілге тиек етіп, қанаттандырып, жігерлендіріп, қорғауды кешіктірмей, шығу керек деп ескертті. Осы кандидаттық диссертацияның жазылу барысында педагогика кафедрасы ұжымына ерекше ризашылығымды, алғысымды әлі күнге дейін білдіріп жүремін. Сол уақытта профессор Қадыржан Брянұлы бастаған педагогикалық ұжымды бұл күнде профессор Шолпан Исағалиқызы абыройлы басқарып отыр. Сол жылдары педагогика ғылымына ерекше бетбұрыс болып, ұлтжандылық, елжандылық, отансүйгіштік бағытындағы барлық жұмысты ең алдымен Хасанова Жамила Садыққызы әбден қарап, түзетіп, Әлия Меңдешқызы, Клара Қожахметова, Шалқыма Құрманалина, Құрмет Қабдықайырұлы сынды жетекші ғалымдар пікір білдірген еді.

Ғалым боламын деп талаптанған жастарға Әлия Меңдешқызы жанашыр дос, талап қоя білетін жетекші, үлгі тұтар ұстаз болғаны баршамызға аян.

*Өмірді өлім нәқталар,
Бүгін бар, ертең жоқ болар.
Бесіктен шыққан жолаушы,
Бейітке барып тоқталар.*

Бұл күнде Әлия апайдың ұстаздық жолын жалғастырып, ана аманатын адал орындап Ақмарал Өтепбергенқызы ұжымды абыройлы басқарып, шәкірттер тәрбиелеуде.

*Пай-пай өмір, өтесің-ау бір күні,
Тиясың-ау қуанышты күлкіні.
Өмір деген – жарқ еткен бір найзағай,
Өмір деген – көк аспанның күркірі,* – деп Мұқағали ақын жырлағандай өмір бір күні қуаныш, бір күні қайғымен кезектесіп отырады.

Көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Әлия Меңдешқызының бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Бибігүл ҚАЙЫРЖАНОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
аға оқытушы

ҰЛАҒАТ

Үрім бұтағы өскен бір әулеттің келісті келіні, аяулы анасы, әзиз әжесі, ғалым-ұстаз Әлия Меңдешқызының бақилық дүниеге озғанына да бір жылдың жүзі болып қалыпты.

Естелік жазуда көргенім мен білгенімді ғана тілге тиек етіп, қағазға түсіретін болғандықтан ойлануға тура келеді. Әсіресе, Әлия Меңдешқызының педагогикалық тұлғасы әлі күнге көз алдымызда.

Әріптес замандасым, ғылым докторы, профессор Аққали Қабжанұлымен педагогикалық бағытта оқитын студенттерге білім беру турасында арасында өз ара пікірлесіп тұратынымыз бар. Екеуіміздің де ойымыздың бір тұстан шығатын бағыты – педагогикалық мамандықтарға дәріс оқып, практикалық сабақ жүргізетін оқытушы, кемінде орта мектепте 5-10 жыл еңбек етуі керек. Ол 10 жыл, мен 8 жыл орта мектепте қызмет еткендіктен студенттер алдында өзімізді еркін ұстаймыз. Ал, Әлия Меңдешқызы болса 17 жыл бойы орта мектепте мұғалім, мектеп директорының орынбасары сынды жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, педагогикалық институтқа оқытушы болып келуі – ұстаз тұлғасының ұлықтылығын айғақтайтыны ақиқат. Сондықтан, студенттер мен магистранттарға нақты бірегей білім мен тегеурінді тәрбие беруде Әлия Меңдешқызының педагогикалық – психологиялық потенциалының мол болғандығы

Қазір университетіміздегі «Инновациялық білім беру факультеті» алдыңғы лектен көрініп келе жатқан факультеттердің бірі болып саналады. Ал, осы факультет өткен ғасырдың 90-жылдарының басында «мазасыздау» факультет болып, (атауы өзгеше болғанымен) университет ректоры Хисмет Бозанұлының бұйрығымен бұл факультетке Әлия Меңдешқызы декан болып тағайындалды. 1994-2000 жылдар аралығында білікті ұстаз басқарған бұл факультетте жағымды жаңалықтар мен ілгері ізденістер, зерделі зерттеулер бастау алғандығын сол кездің өзінде-ақ анық байқадық. Әсіресе, Әлия Меңдешқызының оқытушы-профессорлармен тез тіл табысып, білім-ғылым-тәрбиені бір арнаға тоғыстыруы біз үшін таңданыс тудырғаны жасырын емес. Сол жылдары ұйымдастырушылық қабілетті мол білікті ұстаздың іс-тәжірибесін, қазақы қалыпқа салып, сұрап алуға да біздің мұршамыз болмапты. Болашақта университетіміздегі бір магистрант ғылым докторы, профессор Әлия Меңдешқызының сол жылдардағы басқару стилін зерттесе де орынды болар еді.

2000-2002 жылдары Әлия Меңдешқызы университетімізде элеуметтік және тәрбие мәселелері жөніндегі проректоры қызметінде болды. Ол кезде де таңданыс туғызған бір жәйт әлі есімде. Ұмытпасам, 2001-2002 оқу жылының

ашылу салтанатында «Білім күнін» ұйымдастыру Әлия Меңдешқызына тапсырылған екен. Осы жылдары университеттік шараларды ұйымдастыратын Жастар саясаты орталығы құрыла қойған жоқ. Проректор, профессор, ғылым докторы бола тұра, бір сағаттық шара екендігіне қарамастан, тамыз айының соңында әуелі арнайы шығармашылық топ құрып, оған өзі бас бола жүріп, «Білім күні» шарасын жоғары деңгейде өткізуді қамтамасыз етті.

Ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым Әлия Меңдешқызы 2002-2013 жылдары М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі, Ғылыми Орталықтың директоры қызметтерінде болса, 2013-жылы Атырауға келіп, біздің университетімізде профессорлық қызметін жалғастырды. 2018-жылы қаңтар айында «Педагогика» кафедра – лабораториясы ұйымдастырған методикалық семинарға жетекшілікпен білім беру мазмұнына сәйкес Назарбаев интеллектуалдық мектебінің мұғалімдері ашық сабақ өткізуі керек-ті. Алайда, оған зияткерлік мектептің директоры Айдарбек Айтпукешовтың келісімі қажет болды. Сол сәтте кафедраның аға оқытушысы Гүлжазира Омарова екеуіміз Назарбаев интеллектуалдық зияткерлік мектебіне бармақшы болып, бізбен кездескен

Әлия Меңдешқызына негізгі шаруамыздың бағытын айтып, жеткіздік. Шаруамыздың бағытын білген соң бізге қарап «Айдар, ол кісі менің шәкіртім, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жәнібек ауданының жігіті» – деп сырттай таныстырды. Мектеп директоры А.Айтпукешовтің қабылдауына кіріп, «Сіз, Гүлжан Сағидоллақызының магистранты, Әлия Меңдешқызының шәкірті екенсіз. Біз бәріміз бір кафедрада қызмет істейміз», – деп шаруамызды айтып, жоспарлаған ісімізді үйлестірдік. «Жақсыдан шарапат» – деген осы.

Әрине, дүниеден өткен жан хақында естелік жазу өте ауыр. Әлия Меңдешқызының рухы риза болсын, адами қасиеттеріне көбірек мән бердім. Себебі,

«Бойдағы кір мен күнә, пендешілік,

Бәріде жоқ болады жерге сіңіп. Адамшылық қалады жер бетінде, –

Есімің ескірмейді елге шығып!» – деген тағылымды жыр жолдары тектен-текке айтылмаса керек. Әріптестері мен шәкірттері барда, жұбайы мен бауырынан өрбіген ұрпақтары барда, өмірдегі қимас жандары барда Әлия Меңдешқызының адамшылық тұлғасы асқақтай берері сөзсіз.

Пейіште нұрыңыз шалқысын!

Айдар САБИРОВ,
доцент,
ҚР Журналистер
Одағының мүшесі

СЛАВНЫЙ ЮБИЛЕЙ КАФЕДРЫ РУССКОЙ ФИЛОЛОГИИ

Вот уже 70 лет кафедра русской филологии нашего университета (ранее Гурьевского педагогического института) успешно готовит учителей русского языка и литературы и в этом году вместе с университетом достойно отмечает свой славный юбилей.

Я связана с АГУ им. Досмухамедова уже 38 лет как выпускница 1987 года и работающая на этой кафедре 33 года. И мне особенно приятно вспомнить своих учителей-наставников и поздравить коллег-преподавателей.

Для меня 5 лет учёбы – это самое интересное путешествие в мир знаний. Человек счастлив, когда на его жизненном пути встречаются люди, у которых он учится, находит поддержку, мудрый совет, получает стимул развиваться. Такими были мои преподаватели в ГПИ. Огромное им спасибо!

Я училась на легендарном историко-филологическом факультете и получила прекрасную специальность «Учитель русского языка и литературы в национальной школе».

Роль учителя всегда была важнейшей как в системе образования, так и в жизни каждого человека. Память об учителе остаётся на всю жизнь. Может быть, поэтому поэты посвящали им строки со словами благодарности. Роберт Рождественский в стихотворении «Школьным учителям» писал:

«Вы знаете, мне по-прежнему верится,

Что, если останется жить Земля,

Высшим достоинством человечества

Станут когда-нибудь учителя».

В далёком 1950 году при создании учительского института среди первых преподавателей были филологи Н.Е.Бахарев (первый декан филологического факультета), В.П.Жуков (член-корреспондент РАН), И.Р.Емельченко (до конца жизни проработавший на кафедре).

В истории нашего вуза и факультета деятельность преподавателей кафедры русской филологии, которая при образовании была создана как кафедра языка и литературы, занимает особое место. Члены этой кафедры внесли огромный вклад в дело становления и процветания АГУ им. Х.Досмухамедова.

Сегодня я хочу с большой благодарностью вспомнить преподавателей, которые поистине «сеяли разумное, доброе, вечное». Их имена знают и пом-

нят все. Ведь они по праву стали брендами филологии.

Белый Л.И., Бахарев Н.Е., Конысова Н.П., Политова Т.Н., Богданов Н.А., Гельманов Г.Г., Корсунский С.Н., Гильманова Р.С.

Я горжусь, что была студенткой и некоторое время коллегой этих легендарных преподавателей. Их уже нет в живых, но память о них всегда светлая и благодарная. Я общаюсь с их детьми и родственниками.

31 января 2020 года ушла из жизни Жегулина Л.М. Светлая ей память! Нельзя не вспомнить очень рано ушедших из



жизни наших коллег Карминскую Н.А., Кузнецову Г.Р., Алиеву С.К. и Муканову Г. Ж. Они очень активно работали на кафедре. Вечная им память!

Денисова В.Г., Афанасьев Э.С., Афанасьева М.Т., Юров С.В., Юрова С.Н., Самарцева (Кравченко) Н.П., Завгороднева (Каткова) Т.П., Арбузова Л.В., Потапенко О.А. живут и работают сейчас в России. Я благодарна им.

С нашими ветеранами Донсковой Л.Н., Адрисовой М.А., Таскинбаевой Е.А., Бисенгалиевой С.Е., Барышевой С.Х., Нурудиновой Г.С., Есенамановой Н.А., Балмагамбетовой Н.К. мы поддерживаем хорошие отношения, встречаемся по праздничным датам и на различных мероприятиях города и университета. Дамебаева (Диарова) М.А.,



Думанаева О.В., Переверзева О.В., Тамбовцева Т.А., Койшибаева М.С., Ермекова Г.М., Байжигитова Г.Б., Байниева К.Т., Ермольчева В.И., Матжанова М.А., Темирханова М.М. Караева К.О., Утегенова Г.К. проработали на кафедре долгое время

Н.Ж. в течение 14 лет успешно возглавляла нашу кафедру (1992–2006), ст.преподаватель Куркутова М.Б. была зам.декана историко-филологического, затем гуманитарного факультета (2003–2010), доцент Кенжегалиева С.К. работала проректором по воспитательной работе (1987–1990), профессор Карташёва А.Н. возглавляла кафедру РЯНШ (1991–1995), профессор Камелова С.И. занимала должности зав.кафедрой русского языка (2000–2007) и декана гуманитарного факультета (2007–2010), профессор Кенжебаева Ж.Е. была секретарём Учёного совета университета (2001–2003), пресс-секретарём (2003–2009), зав. кафедрой русской филологии (2009–2010), ст. преподаватель Мухтарова Г.С. – зам. декана факультета дошкольного воспитания и начального обучения (1988–1994) и зав. кафедрой русского языка (2007–2010), ассоциированный профессор Дутбаева С.С. была зав. кафедрой русской филологии и журналистики (2010–2016), ст.преподаватель Жалмуханова З.Т. выполняет обязанности эд-вайзера.

и сейчас работают на других кафедрах, в других вузах и городах, в различных компаниях нашего города. Например, Диарова М.А. является переводчиком АО КТК–К и она прекрасно владеет русским и казахским языками.

Я очень рада, что на современном этапе кафедра русской филологии продолжает своё активное существование. Сегодня на кафедре, которой с 2017 года по настоящее время успешно заведует ассоциированный профессор Алекешова Л.Б., работает 14 преподавателей. Среди них выпускники КазГУ, Черкасского госуниверситета и нашего легендарного ГПИ и АГУ. Многие из них, помимо качественного преподавания, занимали руководящие должности на кафедре и в нашем вузе.

Так, профессор Умурзакова

Ст. преподаватель Кабдулова Г.М. закончила магистратуру, Жумагазиева С.Х. ведёт большую работу по оказанию лингвистической помощи судебным органам Атырау, Сахуалина Г.К. является ответственной по воспитательной работе, Кайреденова Г.К. ведёт занятия с оралманами из Китая и Узбекистана, Джумагалиева У.З. активно работает на кафедре.

Всех здравствующих сегодня моих дорогих преподавателей и коллег поздравляю с 70-летием, с прекрасным юбилеем и желаю доброго здоровья и творческого долголетия. Пусть всё будет хорошо!

Сания КАМЕЛОВА,
выпускница ГПИ 1987 года,
профессор,
член Союза журналистов РК,
член КазПРЯЛ



Мен, Батырғалиева Нұрайна Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Көптілді білім беру факультеті» шетел тілі:екі шетел тілі мамандығының 2 курс студентімін.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша «Freemover» атты жаңа бағдарламамен Түркия мемлекетіндегі «Йозгат Бозок» университетінде білім алып келдім. Осы орайда «Freemover» бағдарламасы туралы айта кетсем, бұл студент үшін өте тиімді болып табылады. Яғни, осының арқасында екі ел университеттерінің арасында келісім жүргізіліп, достық қатынас орнатылады. Ерекшелігі, оқу ақысы, жатақхана, түскі ас тегін болады. Ал, осындай тиімді жағдай – оқу-білімге ұмтылған жастар үшін үлкен мүмкіндік.

Біз білім алған «Йозгат Бозок» университеті 2006 жылы салынған жас университет болғанымен, білім беру деңгейі жоғары және студенттер үшін көп жағдай жасалған. Негізінде, Түркияда студенттер үшін оқуға толық жағдай жасалған. Біздің міндет-оқу, тек қана оқу. Қазіргі таңда Covid19 пандемиясының таралуына байланысты, оқуымызды бітіре алмағанымызбен, елге үлкен тәжірибе жинап келдім.

Мен, Аженова Жанбота Жанболатқызы, академиялық



ұтқырлық бағдарламасы бойынша Атырау мемлекеттік университетінен Түркиядағы Йозгат Бозок университетіне оқуға барып келдім.

Ол жақта оқу жүйесі тым бөлек. Бізді жылы жүзбен қарсы алды. Студенттері де сыпайы, тез тіл табысып кеттік. Білімі жоғары деңгейде. Мұғалімдері де білікті, тәжірибелі мамандар. Бізге қатты ұнады. Түрікше тілімізді жоғарылата білдік. Әлемде болып жатырған төтенше жағдайға байланысты оқуымызды өз елімізде, яғни Атырау мемлекеттік университетінде аяқтауға тура келді. Қашықтан оқыту жүйесімен оқу жылын да үздік аяқтап жатырмыз. Осындай тамаша мүмкіндікке жол ашқан университетіме алғысым шексіз.



Менің аты-жөнім Абдығалиева Дина. Шетел тілі:екі шетел тілі мамандығының 3 курс студентімін.

Қашықтан оқыту кезінде менде техникалық құралдар мен интернет ешқандай қиындық туғызған жоқ. Сонымен қатар, мұғалімдердің тапсырмаларды нақты, түсінікті әрі жүйелі түрде ұйымдастырылуы маған ұнады. Емтихан Zoom желісі арқылы ауызша форматта өтті. Университетіміздің осындай сын сағаттарда еш кедергісіз студенттерге сапалы біліммен қамтамасыз ететіндігіне көзім жетті. Бұл профессор-оқытушылардың үлкен еңбегі мен тың ізденісінің нәтижесі. Студенттерді білікті болашақ маман етіп даярлауда аянбай еңбек етіп жүрген университет басшылығына және барлық ұстаздарға үлкен алғысымды білдіремін.

Мен, Жаркынбек Ақниет «Көптілді білім беру факультеті» шетел тілі:екі шетел тілі мамандығының 3 курс студентімін.

Университет қабырғасында білім ала жүріп, шетел тіліне деген ерекше қызығушылығымының арқасында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бой-



ынша Түркияда білім алу мүмкіндігіне ие болдым. Егер, ұмтылыс пен ізденіс жолында еңбек етсең, алынбайтын асу болмайды. Шетелде білім алып, тәжірибе алмасу мен үшін үлкен абырой.

Түркиядағы университетте білімімізді толықтырып, жаңа достар тауып, арманымызға тағы бір қадам жақындай түстік.

Алайда, пандемияның таралуына байланысты, қашықтан оқыту жүйесіне көшкенде менде интернет желісінде біраз қиындықтар туды. Бірақ соған қарамастан, оқу жылын сәтті аяқтай білдім. Сапалы біліммен қамтамасыз етіп отырған университетімізге шынайы ризашылығымды білдіремін.



Я Джолдасова Айнель Армановна, закончила 2 курс.

Училась во Франции по программе академической мобильности 5 месяцев.

Все очень понравилось: учеба, преподаватели, вообще сама жизнь.

С начала карантина было много сложно учиться дистанционно.

Жила в резиденции «CityDescartes», соседи попались хорошие, комната уютная, кухня и все остальное устраивало. До карантина мы занимались в фитнес-зале, но его закрыли с началом карантина.


Сами люди там очень дружелюбные, доброжелательные. В

супермаркет мы ходили по большей части пешком (он находился на расстоянии 4-5 остановок от нашей резиденции).

Однорूपники тоже классные, помогут, чем смогут, так же, как и преподаватели. Сложновато было вначале с французским, но можно было спросить на английском, если было непонятно. Потом мы уже свободнее говорили на французском.

Со стипендией немного опаздывали, но мы старались экономить, готовили и питались вместе.

У преподавателей, особенно у моей преподавательницы по французскому языку, мы были на хорошем счету, так как проявляли активность на занятиях.



Мен Оразбекова Аяулым Галымқызы шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 3 курс студентімін.

Түркияда білім алу мен үшін үлкен арман болды. Nigde Omer Halisdemir Universitesi- не Охрун академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға келдім. Бұл бағдарлама мен үшін өте тиімді болды. Үш мезгіл тамақ, жатын орынмен тегін қамтамасыз етті, білім сапасы жоғары деңгейдегі университет екеніне көзім жетті. Сабақ қатты қиын емес, мен тек университетке бір айдай уақыт ғана бардым, кейін карантин басталып, онлайн жүйеге көшті. Қазір бізде емтихан уақыты басталды, қиналып жатырмын деп айта алмаймын. Университет мұғалімдері өте кең пейілді жандар, өзге елден келген студенттерге түсіністікпен қарайды. Жатақханада көп ұлттар болып тұрамыз, бір-бірімізге бауыр басып қалдық. Осында келген алты айдың ішінде көп нәрсе үйрендім, достар таптым, түрік тілін жақсы меңгердім, Түркия мемлекетінің мәдениетімен танысып, сан алуан тағамдарынан дәм таттым. Барлығы керемет, маған қатты ұнады. Осындай әдемі естеліктер мен тәжірибе сыйлаған университетімді мақтан етемін.



ДАНА ОЙДЫҢ ДАНЫШПАНЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласынан кейін қазақтың ұлы ақыны туралы ой қозғаудың өзі Абай шығармаларының тәрбиелік мәніне тереңірек үңілдіріп қана қоймай, ғылым жолына түскен әрбір болашақ жастың ұшқыр ойын онан сайын ашып саралай түскендей.

Қазақ елін төрткүл дүниеге танытқан «адамзаттың Абайы» бүгінде ұлт мақтанышына айналды. Ол тек ақын ғана емес, сондай-ақ, ұлы ойшыл, данышпан ғалым, ұлағатты ұстаз, қазақ тілінің құдіретін паш еткен кемеңгер тұлға болды. Көркем суреттей айшықталған сұлу сөздері заман бейнесін сол қалпында көз алдымызға алып келді. Мың жылда бір туар қайталанбас тұлға атанған кемеңгер Абай Құнанбаевқа табиғаттың өзі сарқылмас дариядай ақыл-парасат пен қайталанбас дарын-қасиет берді. Міне, ұлы ойшылдың мұрасы мәңгілік болатыны да сондықтан. Абайдың қай шығармасын алып оқып қарасақ тұнып тұрған сөз көркемдігін байқаймыз. Өйткені, арада сан жылдар өтсе де ұлы ақынның мұрасы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, қазір де еш маңызын жойған жоқ. Ертең де актуальды болуы әбден мүмкін. Әсіресе, ұлылықтың бастауы болған қара сөздің зергерінің жастарға берер тәлім-тәрбиесі телегей теңіздей. «Ойы өссін деп баланың, ойлы сөзді іздедім» деп балаларды ерте кезден ширақ, сауатты, білімді, ақылды болуға ізденуге, оқып білім алуға шақырған. Ғылымның биіктерін бағындыруға үгіттеген.

«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан» дейді ақын.

Осы өлеңді оқығаннан оны адамзаттың ұстазы демей көріңіз?! Абай Құнанбаев тек балалар мен жастарға ғана емес, ересектерге де арнап тағылымды жыр жолдарын арнап қалдырған. Оның бәрін тізіп жазуға бір мақаланың көлемі көтермейтіні де анық.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре-тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп ақын өз өмірінде жіберген ағаттықты да мойындайды. Ал осыншама даналықты, білімді бойға сіңіріп, барша қазақтың бас ақынына, ұлы кемеңгеріне айналған Абайдың өзі «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп кейінгі жастарға үлкен парасатты ақыл қалдыра білді. Сөйтіп ұлы ақын өзгелерді қателікке бой алдырмауға шақырады. Қалай болғанда да, бар білімді жас кезде алған жөн екенін ескертеді. Өйткені, жастық шақтағы білім өміршең келеді. Ал, есейе келе мидың есте сақтау дәрежесі төмендейді. Гажап емес пе?! Технологиясы таңқалдырмаған, интернеті

игерілмеген сол уақыттың өзінде адамзат мүмкіндігін таразыға тарта білген Абай сынды ұлының ұлылығында шек жоқ-ау...

Хакім Абайдың күн сайын бұқаралық ақпарат құралдарынан беріліп отыратын қара сөздері – дана сөздерінің өзі неге тұрады? Түсінген адамға мәні терең, маңызы зор. Атап айтқанда, ғылым-білімді бойға сіңіруге шақырған жиырма бірінші сөзіне зер салып көрейікші: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар. Әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану (үлгі алу), көңілденіп, тұщынып, ынтамен, ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішіңнен бірнеше

уақыт қайталап, ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ол кеселді нәрселерден қашық болу керек».

Бұл не деген сөз? Яғни, Абайдың айтқысы келгені, іс-әрекетті былай қойғанда, санадағы ойдың өзіне кедергі келтіретін нәрселерден аулақ жүру керек. Ол осы сөзіне жалғас отыз екінші сөзінде: «Адамның көңілі шын-дап берілсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі, шала мейір шала байқайды» дейді. Ендеше, әр адам ғылым-білімге жас кезінен бастап шын-дап ден қоюға тиіс.

«Мен боламын демендер,
Аяқты алшаң басқанға.

Бір ғылымнан басқаның

Бәрі де кесел асқанға» деп білімнің маңызын басқадан жоғары қояды. Сол секілді, қара сөздерінің бірінде Абай: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектік – бәрі де ақылсыздық» екенін ескертеді.

«Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғының бір себебі – жұмысының жоқтығы» деген қырық екінші сөзін енді ғана түсініп отырған жайымыз бар. Демек, жұмыссыздық мәселесі бұған дейінгі ғасырларда да болған және өз шешімін тауып отырған деген сөз.

Қазіргі күрделі кезеңде қоғамда уақытша қиындықтар көрініс тауып жатырғаны белгілі. Осындайда Абай өлеңдері мен қара сөздерінің ғажайып құдіретін пәрменді пайдаланып, жөнімен жарату – бүгінгі ұрпақ еншісіндегі ең маңызды міндет. Тіпті, ұлы ойшылдың мол мұрасы тек ұлт үшін ғана емес, бүкіл әлем мүддесі үшін де маңызды болғалы тұр.

Ел Президенті өзінің мақаласында Абай шығармаларына әр адам ерекше ден қойып, одан сусындап отыруды меңзеді емес пе? Дара данышпаннан үлкен үлгі алған сөз зергері Сұлтанмахмұт Торайғыров та:

«Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең,

Жаттап оқы көңілге» деп өзінің ойын орынды жеткізген.


Олай болса, ұлыдан үйреніп, жаманнан жиренейік. Абай Құнанбаев сынды ұлыларымыздың ақыл, парасаттылыққа жетелеген мұрасын кейінгі ұрпаққа, бүгінгі университетімізде білім алып жатқан жастарға үлгі етейік. Айтпақшы, ол тағы бір сөзінде былай дейді:

«Әркімді заман сүйремең,
Заманды қай жан билемек?

Заманға жаман күйлемек,
Заманы оны илемек».

Бұл жерде заман мен адам арақатынасын айқындаған ұлы ақын адалдық пен адамдықтан аттамауға, өркениет көшінен кейін қалып қоймауға да шақырады.

Қосыбек БЫРЗАҒАЛИЕВ,
Ауыл шаруашылығы
ғылымдарының докторы



Рафаэль Хабиоров:

«УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕГІ СПОРТТЫ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ ДАМУ ТУРА АРМАНДАЙМЫН»

- Рафаэль Ралитович, сізді қазақ спортының жанашыры деп танимыз. Алдымен, өзіңіз туралы айтып өтсеңіз.

- Мен, Хабиоров Рафаэль Ралитович 1974 жылы 17 маусымда Батыс Қазақстан облысы, Казталовка ауданы, Көктерек селосында қарапайым отбасында дүниеге келдім. Мектеп қабырғасында оқып жүргенімде қазақ күресі, самбо және дзюдо күрестерімен айналыстым. Қазақтың спорты және туризм академиясын «Дене тәрбиелеу мәдениеті және спорт» факультетінің «Дене тәрбиелеу мәдениеті оқытушысы, күрес жаттықтырушысы» мамандығын бітіріп шығып, «Бұқаралық спорт түрлері бойынша жоғары спорт шебері Республикалық мектебінде» қазақ күресінен жаттықтырушы - оқытушы мамандығы бойынша кәсіби біліктілігімді арттырдым. Кейін Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасы Қазақ күресі федерациясының бас менеджері қызметін атқарып, Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласында қазақ күресінен ересектер мен әйелдер арасында өткен X Азия чемпионатының алдында өткен Азия құрлығының конгресінде Азия құрлығының Қазақ күресі федерациясының бас хатшылығына сайландым. Ал 2019 жылы желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласында қазақ күресі мен алыш күресінен ересектер мен әйелдер арасында өткен әлем чемпионатының алдында 25 мемлекеттің қатысуымен өткен конгресте дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының төрешілер алқасының төрағасы болып сайландым. Біріккен күрес қауымдастығының UWW-дің ұлттық күрестер түрінен халықаралық дәрежедегі төрешісімін. Әлемдік, Азия елдері арасында, халықаралық жарыстарда төрешілік етемін. Қазіргі таңда университетімізде аға оқытушы және спорт клубының жетекшісі болып қызмет атқарамын.

- Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде спорттың дамуы қандай деңгейде деп ойлайсыз?

- Университетіміз Қазақстандағы жоғары оқу орныдары арасындағы спорт саласындағы алдыңғы қатардағы оқу орны. Өйткені университетіміздің «Жайық» спорт кешеніндегі ғимарат елімізде басқа оқу орныдарында жоқ деп айта аламын. Біздің стадионымыз да жоғары деңгейдегі жарыстарды өткізуге қолайлы. 70 жылдық тарихы бар университетіміз Атырау облысында спорт саласында мамандарды дайындайтын бірден-бір университет. Облысымыздың және еліміздің әлемдік деңгейде намысын қорғап жүрген спортшылар университетімізде оқыған. Университеттің спорт тарихындағы орны бар тұлғаларға ерекше тоқталып өткім келеді.

Ысқақов Джурес - университетімізде дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі болған, Ұлы Отан соғысының ардагері, соғыстан кейін 1954-1962 жылдар арасында еркін күрестен Қазақстанның 6 дүркін жеңімпазы, КСРО спартакиадасының жеңімпазы, еркін күрестен Қазақстаннан КСРО-ның алғаш спорт шебері.

Әмин Тұяқов - КСРО ның еңбек сіңірген спорт шебері, Токиода өткен XVIII жазғы Олимпиада ойындарында КСРО құрама сапында болған белгілі жел аяқ спортшы, 1960 жылғы университетіміздің физика-математика факультетінің түлегі.

Андрей Сафарян мен **Ильфат Гадиатуллин** - халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, ескек есушілер, Қазақстан біріншілігінің жеңімпаздары, Атлантада өткен XXVI жазғы Олимпиадасына қатысушылар.

Болат Теміров - бокстан ҚР-на еңбек сіңірген спорт шебері, университетіміздің 1993 жылғы түлегі.

Ринат Ибрагимов - Атырау облысының спорт

басқармасының басшысы дзюдо күресінен ҚР-ның халықаралық дәрежедегі спорт шебері, XXIX Бейжің және XXX Лондон жазғы олимпиада ойындарына қатысушы, 2007 жылғы университет түлегі.

Арман Чилманов - таэквондодан ҚР-на еңбек сіңірген спорт шебері, XXIX Бейжің жазғы олимпиада ойындарының қола жүлдегері, университетіміздің 2008 жылғы түлегі.

Ануар Сариев - парадзюдодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, XV Рио-де-Жанейро жазғы параолимпиада ойындарына қатысушы, 2019 жылғы түлек.

Сонымен қатар командалық спорт түрлерінен университетімізде құралған қыздар футбол құрама командасы Шағала КСРО батыс аймақ зонасында жоғары ойын дәрежесін көрсетті.

2019 жылдың 24-30 қыркүйегі аралығында университетімізде тұңғыш рет Каспий маңы мемлекеттерінің университеттерінің Ассамблеясы аясында Каспий маңы мемлекеттері студенттерінің VI Универсиадасы өтті. Универсиадаға Иран, Әзірбайжан, Ресей және Қазақстан мемлекеттерінен 15 университет қатысты. Универсиада спорттың 11 түрінен өтті: яғни футбол, баскетбол, волейбол, шахмат, жеңіл атлетика, каратэ, жүзу, бокс, дзюдо, үстел теннисі және қазақ күресі.

ҚР-ның ЖОО арасында екі жылда бір рет өтіп тұратын универсиадаға университет студенттері тұрақты қатысып тұрады. 2019 жылы Ақтөбе қаласында ҚР-ның ЖОО-ның арасында өткен X жазғы универсиадада, университет командалық есеп бойынша самбо күресінен жалпы есепте II орын, ал дзюдодан III орын иеленді.

Сонымен қатар, 2019 жылы университет жалауы Алматы қаласындағы 4376 метр биіктіктегі Нұр-Сұлтан шыңына да көтерілді.

Одан басқа университет спорт кешенінде әлемдік, халықаралық және ҚР-ның чемпионаттары жиі өтіп тұрады.

- Еліміздің намысын әлемдік аренада қорғап жүрген студенттерімізге тоқталып кетсеңіз.

- Жалпы жетістіктерімен қуантып жүрген студенттеріміз аз емес. Олардың арасында каратэден жастар арасында Әлем және Азия чемпионы, университетіміздің 2 курс студенті **Әбілмансұр Батырғали** - ҚР-ның Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық Олимпиада комитетінің 2019 жылғы қорытындысы бойынша «Үздік жас спортшы» номинациясының жеңімпазы. Ал 3 курс студенті **Еламан Саясатов** бокстан әлем және Азия чемпионы, дүниежүзілік студенттер ойынының жеңімпазы (FISU) болса, **Ермек Амангелді** - дзюдо күресінен Азия чемпионатының жүлдегері, Еуропа кубогінің жеңімпазы, балалар Азия ойындарының жүлдегері. **Нұрлан Домбаев** - паратаэквондодан әлем және Азия чемпионы, ашық Еуропа чемпионатының жеңімпазы.

Тағат Сарбаз - еркін күрестен жастар арасында әлем және Азия чемпионаттарының жүлдегері, ҚР-ның X жазғы ЖОО универсиадасының жеңімпазы.

Серікжан Тусипов - жауынгерлік самбодан әлем чемпионатының жүлдегері, Азия чемпионы, ҚР-ның бірнеше чемпионы.

Аманат Сабырғали - бокстан жастар арасында Азия чемпионы, ҚР-ның чемпионы.

Сайда Қапсалиқова - самбодан қыздар арасында әлем чемпионы, дзюдо мен самбодан ҚР-ның чемпионы, ҚР-ның X жазғы ЖОО универсиадасының жеңімпазы.

Парасат Жұмабай - самбодан Азия чемпионы, әлем кубогінің жеңімпазы, ҚР-ның бірнеше чемпионы, X жазғы ЖОО универсиадасының жеңімпазы.

Ал, университетіміздің 35 студенті әр түрлі спорт түрлерінен ҚР-ның құрамасында өнер көрсетеді. 11 студентіміз Халықаралық дәрежедегі



спорт шебері, 37 студентіміз ҚР-ның спорт шебері, 50 студентіміз спорт шеберіне үміткер және 70-ке жуық студенттеріміздің спорттық разрядтары бар.

Сонымен қатар, университетімізде дәстүрлі спартакиадалар өтіп тұрады, Атап айтқанда, Ректор кубогі үшін профессор-оқытушылар арасындағы «Денсаулық» факультетаралық спартакиадасы, бірінші курс студенттер арасындағы және университет студенттері арасындағы факультетаралық спартакиада. Университеттің профессор-оқытушылары бұдан басқа қалалық және облыстық жарыстарға қатысып тұрады. Университет ардагерлер футбол командасы кіші аяқ добынан облыстық чемпионатта өнер көрсетеді.

Университетімізде жыл сайын спорттық кешендеріміз қажетті құрал-жабдықтармен толықтырылады. Ректордың қолдауымен жоғары санатты спортшылар жыл бойы әр түрлі жарыстар мен оқу-жаттығу жиындарына қатысады.

- Университетіміздің 70 жылдық мерейтойына орай қандай тілек қосар едіңіз?

- Университетіміз әлемдегі алдыңғы қатарлы ЖОО-ның санына кіруіне тілектеспін. Профессор-оқытушыларға білім саласында қажымас қайрат, шығармашылық табыс және жетістіктер тілеймін.

Университетіміздегі спортты әлемдік деңгейде дамытсақ деп армандаймын, оны басты мақсатымыз деп білемін. Осы орайда, студенттер арасында спортты кеңінен насихаттаудың маңызы зор. Айғағы ретінде, халықаралық аренада университет намысын қорғап жүрген спортшылармен кездесу өткен болатын. Спорттағы студенттеріміз әлемдік аренада еліміздің көк байрағын көтеріп, университетіміздің дәрежесін биіктетуіне тілектеспін. Келесі жылы Түркістан қаласында XI жазғы Қазақстан Республикасының ЖОО студенттері универсиадасында университет туы биік тұғырдан көрінеді деп ойлаймын.

- Болашақта да спорт саласында көптеген жеңістерді бағындырып, жетістіктеріңіз молая берсін.

- Рахмет. Сіздерге де берекелі жұмыс тілеймін.

А.МҮТІЕВА



МЕН ҚАЛАҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ

Мен Баймағамбетов Ерлан Русланұлы тарих мамандығының 2016-2020 жылдардағы түлегі облыстық дарынды балаларға арналған ұлттық гимназияны аяқтап, бала кезімнен армандаған ұстаздық мамандық бойынша жоғары білім алу үшін Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне оқуға түстім. Әрине, бас кезінде сыныптастарым өз қаламызда қалғанша, дүниетанымын мен өмірінді басқаша өзгертіп Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне немесе Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетіне неге түспеске деген пікірлері айтылғаны еді. Менің ойымша, Атырау Қазақстандағы ең жақсы, әдемі және мұнайлы қала. Оқуға түсер алдында мен әлемдегі ең үздік ЖОО-лар тізіміне кіретін барлық жоғары оқу орындарын мұқият оқып шықтым, өз қаламда білікті де білімді ұстаз етіп шығаратын, Атыраудағы қара шаңырақ педагогикалық институтта оқимын деп өз жүрек-қалауымды айттым және де Х. Досмұхамедов атындағы АТМУ бұл менің таңдауым екенін түсіндім! Бұл университетке жай ғана келгенім жоқ, мектепті аяқтағаннан кейін, жазғы уақытта Қазақстан тарихы кафедрасына сол кезеңдегі кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Серік Орынғалиұлынан және гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультеті деканы, т.ғ.к., профессор Гүлфайруз Қайырғалиқызынан кеңестер алып, мамандықпен танысып, ойланып, ұстаз деген ұлы мамандыққа оқуға түстім. Бұл жерде мен тек мықты білім мен құнды кәсіби қасиеттерді ғана емес, сонымен қатар университеттік тәрбие алғанмын.

Осы университетте оқи отырып, менің болашағымдағы көптеген мүмкіндіктерге жол ашылды. Оқу орнымыздағы игі жаңалықтар – білім алушылардың болашағы үшін жасалып жатқан қадамдар деп санаймын. Сол үшін осындай білім ордасында тәрбиеленген білім алушылардың дәрежесі биік болып шығады деп есептеймін. Өзім үшін теориялық білім мен қатар оқу-тану, педагогикалық-психологиялық, өндірістік және дипломалды тәжірибелердің мамандықты игеруде маңызы зор болды. Мансап және практика бөліміне және практика жетекшілері Ақтолқын Саташқызына, Амангелді Жұмбабаевқа, Самал Қазиханқызына өз алғысымды айтамын.

Менің ойымша, университет тек базалық білім беріп қана қоймай, сонымен қатар студенттерге өздерінің армандары мен тілектерін жүзеге асыру үшін барлық мүмкіндіктерін жасаған. Бұл тұрғыда менің сүйікті университетім АТМУ-де белгілі қоғам қайраткерлерімен, үлкен ғалымдармен студенттер кездесіп бас қосқан кездесулер, өзіме бай тәжірибе жинақтауыма да үлкен септігін тигізді. АТМУ-нің барлық түлектері өз салаларында өз елі мен өз халқы үшін небір жетістіктерге жетеді деп зор сеніммен айта аламын. Студенттерге сабақ бергенде профессорлар мен кураторлар өте позитивті. Егер емтихан кездерінде қандай-да бір мәселе туындаса, олар бізге әрдайым көмектесуге дайын тұрады.

Бұл жоғары оқу орнында барша профессор-оқытушылар құрамы білім алушыларға жақсы көзқараспен қарап, тереңірек білім нәрімен сусындап, болашағына бағыт бағдар беруде де сан қилы мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан мен өз таңдауыма өте ризамын.

Тарих – қоғамдық ғылым, гуманитарлық білім саласы, адамның өткенін зерттеумен айналысады. Мен теориялық білім мен және практикалық тәжірибені толықтай жинақтадым деп есептеймін. Сондықтан да еліміз мен университетіміздің мақтанышы бола білдім. Әлі де осы университеттің атын әлемге шығаратын, ұлағатты ұстаздықтан бастап өз биігіме қол жеткізу жолында бар күш жігерімді, университетімнен алған білімімді ел игілігіне жаратумен қатар, осы университеттен алған тарихи білімімді жас ұрпақтың бойына сіңіріп, олардың да ертеңгі күні жақсы маман иесі болып шығуына күш салатын боламын.

Ерекше алғысымды гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті мен Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының басшылығы мен ұстаздарына атап өтсем: ректор аппаратының басшысы, т.ғ.к., профессор Гүлфайруз Қайырғалиқызына, факультет деканы, PhD Динара Ұлықпанқызына, декан орынбасарлары Гауһар Жәнібекқызы мен Жігер Жұмагерейұлына, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор Лесқали Базарғалиұлына және барша профессор-оқытушылар құрамына өз ризашылығымды білдіремін және бас иіп, алғыс айтамын.

Барша университеттің әкімшілігіне, профессор-оқытушылар құрамына және қызметкерлеріне өз ризашылығымды білдіремін. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті барлық стандарттарға сәйкес, жоғары әрі сапалы білім бере алатын еліміздегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орны екеніне толықтай көз жеткіздім. Таңқаларлық елде ерекше және қызықты тәжірибе алғысы келетіндердің барлығына Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне баруды ұсынамын.

Ерлан РУСЛАНҰЛЫ,
«Тарих» мамандығының
2020 жылғы түлегі

ҮЛКЕН БИІКТЕРДІ БАҒЫНДЫРУҒА ШЫҢДАДЫ



Мен Республикалық «Үздік студент – 2019» иегері, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Инновациялық білім беру факультеті «Психология» мамандығының түлегімін.

Міне, біздер де студенттік шағымызбен қош айттысып, жүрек түкпіріндегі алғысымызды жаудыратын күнде жетті. Енді бір мамандық иесі атанып, келешегіміздің баспалдағын аттағалы тұрмыз. Мектеп бітіріп, студент атанғанда ерекше толқысақ, студенттік өмірмен қоштасардағы сезім тіптен бөлек екен. Мамандығымызға деген қызығушылығымызды арттырып, жан-жақты қырларын іс-тәжірибе жүзінде көрсетіп, сапалы білім нәрімен сусындатып, әрқайсымыздың бойымызға азаматтық қасиеттерді сіңіре білгені үшін осы университетке түскеніме қуанамын. Әрине, бойымызға сіңірген жақсылық атаулының бәрі ұстаздарымыздың арқасы деп білеміз.

Біздерге білім берген ұстаздарымыз әрбіріміздің болашаққа деген сенімділігімізді нығайтып, үлкен биіктерді бағындыруға шыңдады. Тек қана білім берумен шектелмей, қоғамдық жұмыстарға араласуға да мол мүмкіндіктер берді. Әр студенттің пікірімен санасып, студенттің тарапынан шыққан тың идеяларды жүзеге асырды. Айта кетелік, «AsUmit» қайырымдылық қоры студенттердің бос уақытын тиімді пайдалумен қатар қайырымдылыққа шақыра отырып, студенттер де еріктілермен тығыз жұмыс атқарып, жоғары белестерден көрінді. Осы қор арқылы мен ректор, профессор-оқытушылардың алғысына бөлендім, ҚР-ның министрлерінің алдында сөз сөйледім. Мен үшін осының өзі университеттегі жетістіктерім деп айта аламын. Қоғаммен тығыз жұмыс жасап, белсенділігіммен қатар білімімді нығайта түстім. Студенттік жылдарымнан сәтті естеліктермен қатар жанымға жақын достарым табылды, өзімді жаңаша қырларымнан көрсеттім. Бұның барлығы университетіміздің студенттерге берген үлкен сыйы деп білемін.

«Талпынған студенттің талабына балта шаппайтын» оқу орнымызда әркез қолдау білдіретін жайсаң ұстаздарымыздың барына қуанамын.

Ректорымыз Саламат Нұрмұқанұлы бастаған барлық ұстаздарымызға, профессор – оқытушыларымызға айтар алғысым шексіз!

Оқу орнымыз жыл сайын жоғарыдан көрініп, университетімізден ұшқан әр түлек Қазақстанның мақтанышына айнала бергей!

Мансия САФИДОЛЛАҚЫЗЫ,
«Психология» мамандығының
2020 жылғы түлегі

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:
Ф.Балғожиев – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы

«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай
Н.Жаңбырбай
Электрондық пошта-media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 6 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #999 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана